Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясының Бүкілхалықтық референдум арқылы қабылдануы. Қазақстандағы парламентаризмнің дамуы. Атқарушы вертикаль ішіндегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту. Орталықсыздандыру, орталық пен өңірлер, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң. Құқық қорғау органдарын (сот, прокуратура, полиция, арнайы қауіпсіздік қызметтерін) құру. Құқықтық реформа және заңдарды ізгілендіру. Құқық қорғау жүйесін оңтайландыру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нығайту. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және оның нәтижелері.

"Қазақстан-2030" Стратегиясы. Қазақстан астанасының көшірілуі. "Қазақстан-2050" Стратегиясы.

Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

Егемендік жолындағы қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық пен қылмыстың көбеюі. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері. Нарықтық экономикаға өту, жекеменшік институттардың орнығуы және Отандық бизнес негізінің қалануы. Жаңа экономикалық жүйені қалыптастырудағы қиыншылықтар мен кемшіліктер. Ұлттық валютаның енгізілуі. Ұлттық қордың құрылуы.

Қазақстанда ұлттық компаниялардың құрылуы. Экономиканың өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторларын басымдықпен дамытудың келешегі. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасын реформалау бағыттары.

Бірікке Ұлттар ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) даму жөніндегі бағдарламасы, адамның даму мәселесі туралы есептер, Адам дамуының индексі. Қазақстанда Адам дамуы туралы есептің тұңғыш басылымы.

Қазақстан Республикасының Америка құрама штаттары (бұдан әрі – АҚШ), Батыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінің ірі компанияларымен сыртқы экономикалық ынтымақтастығы. Экономиканы дамытудағы "Нұрлы жол", "100 нақты кадам" бағдарламаларының жүзеге асырылуы.

Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму. 2025 жылға дейінгі "Ұлттық даму жоспары". Ұлттық жобалар.

Қоғамдық-саяси даму және рухани даму

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайының шақырылуы және оның тарихи маңызы. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайлары (1992-2017 жылдар). Қазақстан халықтарының форумы (1992 жыл). Қазақстан Республикасы қоғамдық қозғалыстарының құрылуымен көп партиялық жүйенің қалыптасуы. Қазақстандағы көші-қон, демографиялық және халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер.

Тәуелсіздік жылдарындағы халық санақтары және оның қорытындылары (1999, 2009, 2021 жылдар). Қазақстан халқының ұлтаралық келісімі – тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың кепілі. Демократиялық үдерістердің дамуы, Парламент сайлауларына пропорционалдық жүйенің енгізілуі және партиялық тізім бойынша сайлау нәтижелері. Азаматтық институттардың дамуы. Азаматтық форумдар және олардың маңызы. Қазақстан Республикасы ақпарат саясаты, Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) дамуы. Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің қызметі. Азаматтық қоғамды дамыту және демократияландыру жөнінде ұсыныстар дайындайтын Мәжілістің тұрақты ұйымы. Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияның қызметі. Қазақстан Республикасының жастар саясаты және тарихпен тәрбиелеу шаралары. Құқық қорғау және сот орындарының қызметін жетілдіру. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссия және оның қызметі. Қазақстан Республикасы Адам құқықтары бойынша өкілдік институты (Омбудсмен).

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласының тарихи маңызы. Елді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясат. "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы.

"Қаңтар оқиғасы". Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Жолдауының мәні мен маңызы.

Конституцияға түзетулер енгізу жөніндегі Референдум. Демократиялық қайта құрулардың кеңеюі. Қазақстанда Парламенттің рөлінің артуы және еліміздің саяси жүйесіндегі өзгерістер. Саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету. Ұлттық құрылтайды құру.

Білім және ғылым жүйелеріндегі реформалар. "Болашақ" бағдарламасы. Денсаулық сақтау ісінің нарықтық экономика жағдайына көшуі.

"Мәдени мұра", "Тарих толқынында" мемлекеттік бағдарламалары: мақсаты мен негізгі кезеңдері. Мемлекеттік тілде гуманитарлық білім қорын құру. "Мәңгілік ел" идеясының негіздері. Тарихи сананы жаңғырту. "Ұлы даланың жеті қыры".

Тәуелсіз Қазақстанның конфессионалдық саясаты. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. Діни экстремизм мен терроризм қаупі және оған қарсы күрес. "Жусан" операциясы.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты қалыптасуының негізгі факторлары. Геосаяси және геоэкономикалық факторлардың Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптерінің қалыптасуына ықпалы. Қазақстанның посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үдерістреге қатысуы. ТМД. Қазақстан Республикасының БҰҰ мүше болуы. Қазақстанның БҰҰ-дағы ұсыныстары. Қазақстан және Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ). Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен, АҚШ-пен, Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынастарының қалыптасуы мен бағыттары, нәтижелері. Қазақстан Республикасының әлемдік қаржы институттары: Еуропалық даму және қалпына келтіру банкі, Азиялық және Ислам даму банкілерімен әріптестегі. Еуропалық вектордың жаңа бағыттары. Қазақстан Республикасының Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынастары. Қазақстанның Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі және мұнай экспорттаушы елдер ұйымымен (МЭЭҰ – ОПЕК) байланыстары бойынша ұстанымдары. Қазақстанның Таяу шығыстағы саясаты. Араб елдерімен және түркітілдес мемлекеттердің халықаралық ұйымдарымен қарым-қатынастары. Түркі әлемі интеграциясының бүгінгі бағыттары. Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік шығыс Азия елдерімен қарым-қатынастары. Қазақстанның қауіпсіздік бойынша халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтасығы. Халықаралық терроризм мен жаһандық қауіп-қатерлердің күшеюі жағдайындағы өзара сенім мен сұхбаттастықты нығайту бойынша бастамалары. Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім жөніндегі Кеңес ұйымдастыру бастамалары. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ). Қазақстан Республикасы және Солтүстік Атлант альянсы (НАТО). Қауіпсіздіктің жаңа геосаяси мәселелері. Замануи сыртқы қауіптердің алдын алу.

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітап: Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 570 б.

2. Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии: Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 280 с.

3. Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана: Атамұра, 2017. – 508 с.
4. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.
5. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие. Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Жасыл Орда, 2015. – 328 с.
6. Токаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002.

Қосымша әдебиет:

1. Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Атамұра, 1996. – 390 с.
2. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Атамұра. 1996. – 256 с.
3. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003 – 240 с.
4. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
2-қосымша

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама "Философия" жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған.

3. Жоғарғы білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 150 академиялық сағатты (5 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) Білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі ;

2) студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;

3) ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;

2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;

3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;

4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;

5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;

6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;

7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;

8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;

9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3-тарау.Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, оқыту әдістерін және технологияларын, пререквизиттері мен постреквизиттерін шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының тақырыптарын және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын қамтитын жоғары және (немесе) жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) білім алушы тарапынан рефлексивті көзқарас тәсіліне негізделген студенторталықтандырылған оқыту;

2) біліктілікке бағытталған оқыту;

3) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау);

5) жобалар әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орны өзі тағайындайды.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Пәннің мазмұны	Семинар практикалық) сабақтар тақырыптары	(Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
Философияның пайда болуы және дамуы				
1-2 апта: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі				
	Ойлау мәдениеті. Көркемдік рефлексия. Философия – даналыққа құштарлық. Философияның сұқбаттық сипаты және эвристикалық мүмкіндіктері. Философиялық ойлау түрі – сын және күмәндану. Өткенге сыни көзқарас – қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық санасындағы өзгерістер шарты.			

1	<p>Философиялық мәселелердің тұлғалық сипаты. Философия және дүниетаным. Дүниенің ғылыми, философиялық, діни бейнелері. Мифология, дін және философия. Қоғам дамуындағы мифтің рөлі. Философия – білім мен рухани қызметтің ерекше түрі. Философияның негізгі бөлімдері – онтология, гносеология, философиялық антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтік және саяси философияның қысқаша сипаттамалары. Философия және фәлсафа. Фәлсафа дәстүріндегі ғылым мен дін мәселелерін шешу жолдары. Философияның анықтамалары, түрлері мен бағыттарының санқырлылығы және философиялық пайымдау тәсілдерінің әртүрлілігі. Философия мен философтың адам және қоғам өміріндегі рөлі. Қазіргі Қазақстанның үшінші модернизациясындағы философияның орны.</p>	1. Философияның пәні, қызметтері мен міндеттері.	1. "Қазіргі заманғы Қазақстанның үшінші модернизациясын жүзеге асырудағы философияның рөлі" тақырыбы бойынша сараптау жұмысын (эссе, реферат, баяндама) дайындау.	10
Дүниені философиялық түсінудің негіздері				

	<p>Жан, ақыл, парасат, рух. Антикалық философиясындағы рух пен парасаттың космологизмі.</p> <p>Фәлсафа дәстүріндегі рух ұғымы: Ибн-Сина рух туралы.</p> <p>Ортағасыр дәстүріндегі рух пен жанның теологиялық түсінігі. Сананың гносеологиялық моделдері. Жана заман философиясындағы тума идеялар концепциясы және cogito статусы.</p> <p>Неміс классикалық философиясындағы ақылдың трансценденталдық негіздері.</p> <p>Шәкәрімнің ұшанығы. Шәкәрім рух туралы. Рух және адамның рухани қызметінің табиғаты. Тәндік және руханилық.</p> <p>Сананы онтологиялық мәселе ретінде түсіну. Сана фактілері. Сана феномендері.</p> <p>Сананың қалыптасуын анықтайтын факторлар.</p> <p>Антропосоциогенез. Сананың шығу тегі мен мәні: негізгі концепциялар.</p> <p>Шығыс философиясындағы сана мәселесі. Сана құрылымы.</p> <p>Бейсаналық, сана, санадан жоғары.</p>	<p>1. Сана және бейсана : философиялық концепцияларды</p>	<p>1. "Үңгір аллегориясы: қазіргі оқылу" тақырыбына сараптау жұмысын (эссе, реферат, баяндама) дайындау . Дерек Джонстонның " Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін" оқулығын қолдану ұсынылады.</p> <p>2. "Қоғамдық сананы модернизациялаудағы сыни ойлау" тақырыбына шығармашылық жоба дайындау. алғашқы деректерді сыни талдау негізінде презентация</p>	
--	--	---	---	--

Сананың сезімдік-перцептілік, эмоциялық, құндылықтық-мотивациялық, жігерлік, логикалық компоненттері. Бейсаналықтың философиядағы негізгі концепциялары (З.Фрейд, К.-Г.Юнг). Постмодернистік философиясындағы сана мәтін ретінде (Ж.Деррида, Ж.Делез). Сана және өзіндік сана. Қазақстандық тұлға санасының ашықтығы: әлемдік үдерістерді түсіну, өзгерістерге дайын болу, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінен үйренуге қабілеттілік. Сана және ұлттық сана-сезім. Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы аясындағы ұлттық сана-сезім. Рухани жаңғыру – ұлттық сананың әртүрлі полюстерінің ымыраға келуі. Ойлау және тіл. М.Қашғаридің тіл философиясы. XX ғ. философиясының "лингвистикалық бұрылыс": сана философиясы тіл философиясы ретінде (аналитикалық және структуралистік интерпретациялары). Тіл және ұлт. Латын графикасына

салыстырмалы талдау. 2.Тіл мен ойлаудың арақатынасын бағалау. Латын графикасына көшу және қазақ тілінің дамуы.

дайындаңыз (Б. Расселдің "Сыни ойлаудың он қағидасы" еңбегін

	көшудің қазақ ұлты мен қазақ тілінің дамуындағы рөлі.		қолдану ұсынылады).	
4 апта: Болмыс. Онтология және метафизика				
3	<p>Болмыс және тіршілік. Мән және бар болу.</p> <p>Онтология – болмыс туралы ілім. Бар болудың онтологиялық құрылымы.</p> <p>Болмыс және бейболмыс (Парменид, Зенон). Болмыстың түрлері. Платон мен Аристотельдің философиясындағы болмыс мәселелері. Әл-Кинди және Ибн-Рушд концепциялары. Жаңа заман философиясындағы субстанция мәселесі (Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Лейбниц). М.Хайдеггердің "фундаменталды онтологиясы" (Dasein). "Материя" ұғымы.</p> <p>Материалдық әлем болмысы. Қозғалыс, кеңістік және уақыт. Философияның негізгі ұғымдары: дүние, заман, мән, құбылыс, мазмұн, форма, жалпы, жеке, бүтін, бөлік, сан, сапа, өлшем, терістеу, себеп, салдар, қажеттілік, кездейсоқтық, мүмкіндік, шындық.</p> <p>Болмыс және Абсолют. Құдай-әлем қатынасы мәселесі. А б а й</p>	1.Болмыстың субстанциялық концепцияларын бағалау және онтологияның базалық категорияларын талдау.	1. "М. Хайдеггер онтологиясының негізгі ұғымдары"	10

	<p>дүниетанымдағы Құдай және адам мәселесі.</p> <p>"Идея" ұғымы. Болмыс пен ойлау арақатынасы мәселесі. Идея және рухани құндылықтар болмысы. Виртуалды шындықты философиялық зерделеу пәні ретінде талдау.</p>		<p>тақырыбына шығармашылық жұмыс дайындау.</p>	
5 апта: Таным және шығармашылық				
4	<p>Таным философиялық мәселе ретінде. Әртүрлі философиялық концепциялардағы білім мәнінің анықтамалары. Таным объектісі мен субъектісі. Таным мүмкіндіктері мен шекаралары. Дүниенің түбегейлі танылуы мәселесі: танымдық оптимизм, скептицизм және агностицизм. Милет ойшылдарының натурфилософиясы және Скифтік Анахарсистің скептицизмі. Д.Юмның скептицизмі. И.Канттың классикалық агностицизмі. Г.Гегельдің диалектикалық методы және батыс еуропалық гносеологиясындағы оның маңызы. К.Ясперстің "Мен - адамилық деңгейлердің</p>	1. Таным философиялық мәселе ретінде	1. Бір ойшылдың (өз таңдауыңыз бойынша) еңбегін мысалға ала отырып, индуктивті және дедуктивті	10

	<p>концепциясы", К.Поппердің " субъектсіз" эпистемологиясы. Ақиқат пен адасу. Білім, ақиқаттылық және жалғандық. Қазіргі Қазақстан жаңғыруы аясындағы білім культі. Ақиқаттың әртүрлі тұжырымдамалары. Ақиқат және оның критерийлері. Сезімдік және рационалдық таным . Философиядағы рационалдық және эмпирикалық дәстүр. Таным құралы. Эмпирикалық және теориялық таным. Таным және шығармашылық. Шығармашылық және интуиция.</p>		<p>ойлаудың салыстырмалы талдауын жасаңыз.</p>	
--	---	--	--	--

6 апта: Білім, ғылым, техника және технологиялар

	<p>Қазіргі ғылымның жетістіктері және оның себептері. Әдіс мәселесі. Танымның негізгі әдістері. Ғылыми таным әдістері және және ғылыми ақиқат ерекшелігі. Ғылыми және ғылыми емес білімнің демаркациясы мәселесі. Ғылым құндылықтары. Ғылымды білім, қызмет және әлеуметтік институт ретінде талдау. Ғылымдардың классификациясы: Аристотель, әл-Фараби, Ф.Бэкон, Г.Гегель, О.Конт. Ш о қ а н</p>		<p>І.Н.А.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы аясында қазіргі мәдениеттегі ақпараттың рөлін гносеологиялық талдау негізінде " білім-ақпарат"</p>	
--	---	--	--	--

6	<p>Уәлихановтың ғылым философиясы. Қоғам өміріндегі ғылымның рөлін бағалаудағы қайшылықтар. Сциентизм және антисциентизм. Ғылым және техника. Ыбырай Алтынсариннің білім философиясы. "Білімді адам" моделі. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі ғылымның даму болашағы мәселелері. Қазіргі ғылым және этика. Қазақстан ғылымы дамуының келешегі. Отандық ғылым мен білімнің дамуындағы "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының үлесі.</p>	<p>1.Ғылымдағы әдіс мәселесі. Ғылым және техника 2.Қазақстанның үшінші жаңаруындағы цифрлық технология.</p>	<p>салыстырмалы кестесін жасау. 2."Гносеологиялық оптимизм, скептицизм және агностицизм": скептицизмнің гносеологиялық стратегия ретінде қазіргі ғылыми және қарапайым дүниетанымдағы маңызы туралы эссе-негіздеме жазу.</p>	10
---	---	---	--	----

Адам философиясы және құндылықтар әлемі

7 апта: Адам

	<p>Адам және Ғалам. Зат әлемі. Адамды қарастырудың философиялық тәсілінің ерекшелігі. Ежелгі Үнді діни-философиялық ілімдердегі адам мәселесі. Конфуцийшілдік және даосизм жүйесіндегі адам мәселесі: ер және әйел бастамалары (Инь/Ян). Антикалық философия тарихындағы адам бейнелері (Пифагор, Платон, Эмпедокл, Протагор, Сократ,</p>			
--	---	--	--	--

Аристотель).
 Христиандық антропология: адам Құдайдың бейнесі ретінде (Әулие Аугустин, Акуинолық Томас).
 Ренессанс дәуіріндегі адамның индивидуалистік түсінігі (Пико делла Мирандола). Жаңа заманның механистикалық антропологиясы (Б.Паскаль, Ж.Ламетри).
 Л.Фейербахтың антропологизмі. Адам мәнінің марксистік түсінігі. Ф.Ницше философиясындағы "Асқан адам". Адам және оның әлемдегі-болмысы: экзистенциализм. Іскер адам: прагматизм.
 Э.Кассирер: адам символдық жануар ретінде. Й.Хейзинга: "ойнаушы адам".
 Г.Маркузе: "бір өлшемді адам". XX ғ. философиялық антропология (М.Шелер, Х.Плеснер, А.Гелен).

Қ а з а қ философиясындағы адам мәселесі. Адам мәселесінің Абай даналығында бейнелену. Шәкәрімнің адамның өмірмәндік бағдары туралы экзистенциалдық рефлексиясы. Адам, индивид, индивидуалдылық, тұлға.

1. Қазіргі философиядағы адам мәселесін талдау тәжірибесі.

1. А б а й философиясындағы адам мәселесі бойынша эссе-негіздеме дайындау.
 2. Түпнұсқалар негізінде (өз таңдауыңыз бойынша) адам мәселесін экзистенциалдық түсіну туралы сараптамалық шолу жасау.

8	<p>Адам болмысының категориялары (бақыт, сенім, өмір және өлім). Өмірдің онтологиялық және аксиологиялық мазмұны.</p> <p>Адам, оның ажалдығы және ажалсыздығы. Іргелі философиялық мәселелердің өмір және өлім мәселесімен байланысы: метафизика және моральдық философия. Өмірдің мәні – оның шектеулілігін ұғыну. Уақыт, мәңгілік және мақсат.</p> <p>Қорқыт дүниетанымындағы мәңгілік өмір мәселесі.</p> <p>Өмірдің мәні. Өмірдің мәнін іздеу. Философиялық ойлар тарихындағы өмірдің мәні мәселесі: фатализм, гедонизм, волюнтаризм, функционализм.</p> <p>Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі категориясы. Өмірмәндік құндылықтар туралы ілім. Адам қажеттіліктерінің пирамидасы.</p> <p>Махаббат – адамның өмір сүру мәні. Фәлсафа дәстүріндегі Қожа Ахмет Яссауидің мистикалық дүниетанымы. Абай философиясындағы махаббат</p>	1.Күнделікті тәжірибеде өмір мәнін іздеудің маңызды кырлары: философиялық талдау.	1.Қазақ философиясы бойынша түпнұсқаларды салыстырмалы сараптау және түсіндірме бере отырып оқудың негізінде "Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі тақырыптарының бірі" тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау.	10
---	---	---	--	----

	<p>мән-мағына туғызатын бастама ретінде. " Махаббатпен жаратқан адамзат ... ".</p>		<p>түсініктерге сүйене отырып, эссе-негіздеме жазу.</p>	
9 апта: Этика. Құндылықтар философиясы				
9	<p>Аксиология және адамгершілік. Этикалық ілімдердің тарихи типтері. Құндылықтар теориясының негіздері. Құндылық ұғымы. Бар болып отырған және болуы тиіс. Адамгершілік ережелері және құқық ережелері. Негізгі этикалық категориялар (парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік). Адамгершіліктің алтын қағидасы (Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант) . Адамгершіліктің бастауларын түсінудің негізгі тәсілдері. Утилитаризм және деонтологиялық теориялар (парыз теориялары). Пайдалылық пен принциптер. Құндылықтық сана табиғаты. Фәлсафа дәстүріндегі этикалық өлшем. Жүсіп Баласағұн философиясындағы ақиқат мәселесі. " Құт", "қанағат", " тәубе", "әділет", " с а б ы р " категориялары. Ұрпақтық дискурстағы</p>	<p>1 . Этикалық дилеммалар: жағдаяттық талдау. 2. Қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты.</p>	<p>1 . " Қазіргі заманғы Қазақстан жастарының этикалық құндылықтары" тақырыбына эссе-пайымдаудайындау. 1. Этикалық жағдайды (моральдық қиындық, тосын әлеуметтік жағдаяттар, қоғамдағы өзекті этикалық мәселе, тұлғаның ішкі және тұлғааралық</p>	10

	<p>этикалық құндылықтары. Қазақ халқының озық ұлттық этикалық құндылықтарын сақтап, дамыту – қоғамдық сана жаңғыруының алғышарты және негізі. Саяси этика. Зорлық. Толеранттық. Адам құқығы. Кәсіби этика. Бизнесегі этика.</p>		<p>қақтығыс және) бағалауды негіздеу және кейс-талдау.</p>	
10 апта: Еркіндік философиясы				
10	<p>Философия тарихындағы еркіндік ұғымы. Адам және оның еркіндігі (Б.Спиноза). М.Хайдеггердің шығармаларындағы еркіндік пен ақиқаттың байланысы. Еркіндік пен жауапкершілік (Ж.-П.Сартр). Еркіндік және абсурд (А.Камю). Н.Бердяевтың еркіндік концепциясы. Ерік еркіндігі. Еркіндік деңгейлері. Оң және теріс еркіндік. Еркіндік, әділдік, адамның өмірі мен намысы – адамгершілік-құқықтық құндылықтар. Құқықтың дүниетанымдық мәселелері. Саяси еркіндік. Ұлттық еркіндік. Еркіндік – қазіргі демократиялық мемлекеттердің негізгі идеалдарының бірі.</p>	1.Ерік еркіндігі мәселесін зерделеу және түсіндіру.	1. "Қазіргі заманғы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың рөлі" тақырыбына шығармашылық	10

Жеке еркіндік және табиғи құқық.
Тұлғаның, оның еркіндігінің, өмірді, табиғатты және мәдениетті сақтау жауапкершілігінің қалыптасу шарттары. Сөз және көзқарас еркіндігі. Еркіндік пен шығармашылық – адамның мәдениетте шын мәнінде өмір сүруінің тәсілі. Абайдың "толық адам" концепциясы. А л а ш қайраткерлерінің философиясындағы еркіндік және тәуелсіздік идеялары.

жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау.

11 апта: Өнер философиясы

Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде . Антикалық эстетикалық ойлардың тарихы (софистер, Сократ, Платон, Аристотель) . Араб-мұсылмандық эстетика (Омар Хайям, Әл-Фараби, Ибн Рушд, Ибн Араби, Руми). Христиандық ортағасырлықтың көркемдік-эстетикалық әлемі (А.Августин, Иоанн Дамаскин). Қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы (Л.Б. Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер, М.Монтень, Эразм Роттердамский). XVII-XVIII ғ.ғ. Жаңа заман эстетикасы және

көркемдік практикасы (Д.Локк, Р.Декарт, Вольтер, Д.Дидро, Ж. Руссо). Классикалық эстетиканың негіздері (И.Кант, Г.Гегель, Ф.Шеллинг). XIX - XX ғ.ғ. классикалық емес эстетика (Ф. Ницше, Дж.Дьюи, Ж.-П. Сартр, М. Хайдеггер). Эстетикалық тәжірибе. Адам өмірінің эстетикалық өлшемі.

Негізгі эстетикалық категориялар: сұлулық – ұсқынсыздық, трагикалық-комедиялық, асқақ-төмен. Сұлулықтың құндылығы. Философия және өнер. Өнер – мәдениет феномені, оның тұлғалық және және әлеуметтік қызметтері. Көркем шығармашылық субъектісі. Өнер әлеміндегі адам. Адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, жан тебіреністерінің себептерін ашудағы өнердің мүмкіндіктері. Өнерді зерттеудің заманауи философиялық тәсілдері. Қазіргі өнер философиясының негізгі категориялары: әлемді эстетикалық сезіну, еліктеу және елігу; сұлулық,

1.Музыкалық эстетиканың қалыптасуын қазіргі мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру.

"Қазіргі заманғы адамның өміріндегі өнердің рөлі"

<p>көркем бейне, көркем стиль, көркем талғам, символ мен симулякр және тағы басқалары. Қазақ халқының сұлулық философиясы. Жырау және билердің шығармашылығынд ағы этикалық және эстетикалық бастамалары. Қ.Нұрланова: "Адам - Әлем біртұтас" концепциясы. Ұлттық аспаптар қобыз, домбыра көшпенділердің рухани мәдениетінің көрінісі ретінде. Қазақ дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері. Күй – қазақ өнерінің феномені.</p>		<p>тақырыбына эссе-пайымдау жазу .</p>	
<p>12 апта: Қоғам және мәдениет</p>			
<p>Әлеуметтік философияның пәні. Қоғам философиялық ұғым ретінде. Антикалық философиясындағы әлеуметтік ой: Платонның идеалды мемлекеті, Аристотельдің " Политикасының" негізгі тұжырымдамалары. Адам саяси жануар ретінде. Августин: " Фәни шаһар" және " Бақи" шаһар. Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық теория: Т.Мор және Т.Кампанелла. Н.Макиавеллидің әлеуметтік-саяси теориясы. Жаңа</p>			

12	<p>заман әлеуметтік философиясы (Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо). К.Маркс: таптық қоғам. К.Поппер "Ашық қоғам". "Қоғамдық сана" ұғымы. Қоғамдық сананың түрлері. Қоғамның типтері. Ақпараттық қоғам. Постиндустриалдық қоғам. Ашық қоғам. Желілік қоғам. Жаңару. Қала. Урбандану. Мәдениет, оның табиғаты мен мәні. Философия тарихындағы мәдениеттанулық теориялар (З.Фрейд, Н.Данилевский, О.Шпенглер, К.Леви-Строс). Мәдениет – қоғам болмысының формасы. Материалдық және рухани мәдениет. Мәдениет және коммуникация. Мәдени-антропологиялық әдістеме: адам мен мәдениеттің мәндік және онтологиялық түбегейлі бірлігін мойындау. Қазақтардың ұлттық мәдениеті – қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізі және оның "Рухани жаңғыру" жобасы аясында дамуы.</p>	<p>1.Қоғамдық сана феномені: түрлері, құрылымы, мәні. 2.ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамдық санасының жаңғыруының мәні. 3.Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу.</p>	<p>1. "Қазақстанның қазіргі дамуының басымдықтары аясындағы прагматизм философиясы" тақырыбына шығармашылық жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау.</p>	10
13 апта: Тарих философиясы				
	Тарихты философиялық пайымдау пәні ретінде талдау. Тарих			

түсінігімен уақыт туралы көріністердің байланысы. Миф "уақыты". Уақыттың антикалық түсінігі және тарихтың айналымы. Орта ғасырдағы және Қайта өрлеу дәуіріндегі тарих философиясы. Г.Гегельдің философия тарихы. Марксистік философия тарихы. Тарихтың "сыни" философиясы: Дильтей, Риккерт, Ясперс. Қазіргі заман философиясындағы "тарих мәні", "тарихтың соңы" мәселелері. Тарихтың бағытталғандығы және оның мәні. Т а р и х философиясының пәні. Тарих философиясының даму кезеңдерін қарастырудың негізгі әдістері. Адамзат тарихы: өткені-бүгіні-болашағы. Тарихтың мақсаты, мәні, бағыты мәселесі. Адамзат тарихының бірлігі мен көптүрлілігі. Тарихи үдерістегі революциялық және эволюциялық. Тарихтың қозғаушы күштері. Тарихтағы прогресс және регресс. Формациялар және өркениеттер. Шығыс-Батыс. Өркениеттер

1. Қазақ философиясындағы тарихи даму мәселелерін талдау. 2. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы жаңару үдерістерінің мәні мен ерекшелігі.

1. Түпнұсқаларды түсіндірме бере отырып оқу және олардың мазмұнын салыстырмалы талдау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық қоғам дамуының негізгі концепцияларына сараптамалық шолу жасау. 2. "Қазақстанның дамуы мен көркеюіне менің үлесім"

	<p>қақтығысы. Біртұтас адамзат пен әлемдік тарихты қалыптастыру үдерісі. Қазіргі өркениет, оның өзгешелігі және қайшылықтары. Адамзаттың даму үрдістері. Асан Қайғы: Жерұйық философиясы. Қазақстан тәуелсіздігі тарихының философиясы. "100 жаңа есім" жобасы – қазіргі Қазақстан тарихының бейнесі. Қазақстанның эволюциялық дамуы – елдің гүлдену мүмкіндігі.</p>		<p>тақырыбына эссе-пайымдау жазу .</p>	
14 апта: Дін философиясы				
14	<p>Дін анықтамалары. Дін және философиялық білім. Дін және өнер . "Дүниежүзілік діндер" феномені. Діннің алғашқы формалары. Алғашқы діни формалардың мәселелері: эволюционизм (У. Тейлор), структурализм (Леви-Брюль, Леви-Строс), марксизм (С. Токарев). Буддизм және оның негізгі бағыттары. Христиан дінінің пайда болу тарихы және негізгі формалары. Ислам. Исламның қалыптасуы, догматикасы және тарихи формалары. Суфизм (</p>	1 . Қазіргі заман мәдени еттегі дін философиясы	<p>1. Қазіргі жаһандық мәселелерді түсінудегі және шешудегі философияның рөлі " тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау. 2. К. Амстронгтың " Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс:</p>	10

	<p>Аль-Газали, Ходжа АхметЯссауи). Неміс романтизм өкілдерінің философиялық концепциясы (Ф.Шлейермахер). С.Кьеркегордің философиясы.</p>		<p>Құдайтану баяны" еңбегін талдау негізінде эссе жазу.</p>	
<p>Апта 15: "Мәңгілік Ел" және "Рухани жаңғыру" – жаңа Қазақстан философиясы</p>				
14	<p>Кеңістік-уақыттық континуумдағы "Мәңгілік Ел" және "Ұлы Дала" категориялары. Қазіргі Қазақстандағы жаңғыру үдерісі: әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени қырлары. Қоғамдық сананы жаңартудың негізгі бағыттары. Рухани жаңғыру. ХХІ ғасырда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесі. Еуразияшылдық және Қазақстан дамуы. Еуразияшылдықтың әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және геосаяси негіздері. Жаһандық әлемдегі Қазақстанның өркениеттік идентификациясы. "Мәңгілік ел" идеясы. Н.А.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы және "Рухани жаңғыру" жобасы – ХХІ ғасырдағы Қазақстан дамуы болашағын айқындайтын маңызды құжат. "</p>	<p>2. Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу. 3. "Мәңгілік Ел" идеясы мен "Рухани жаңғыру" жобасы – Қазақстанның тарихи дамуының жаңа векторлары.</p>	<p>3. " ... (кәсіби қызмет салалары) өзекті философиялық мәселелері "</p>	10

	<p>Мәңгілік Ел" жалпыұлттық және патриоттық идеясының ұйыстырушы құндылығы. Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттары.</p>		<p>тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау.</p>	
--	--	--	--	--

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат
Барлығы: 5 академиялық кредит - 150 академиялық сағат

Әдебиеттер: Негізгі:

1. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". [http:// www. akorda. kz](http://www.akorda.kz).
2. Назарбаев Н.А. "Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям" – Астана: Деловой мир Астана, 2014. – 368 с.
3. Нұрышева Г.Ж. "Философия" – Алматы: Инжу-маржан, 2013.
4. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. "Философия". – Алматы: Эверо, 2014.
5. Ғарифолла Есім "Фәлсафа тарихы" – Алматы, 2000.
6. Ғарифолла Есім "Қазақ философиясының тарихы" – Алматы, 2006.
7. Ғарифолла Есім "Адам-зат" – Астана, 2008.
8. Бертран Р. "История западной философии" – М.: Издатель Litres, 2018. – 1195 с.
9. Джонстон Д. "Философияның қысқашатарихы. Сократтан Дерридаға дейін". Ғылыми ред. Нурышева Г.Ж. – Астана, 2018. – 216 б.
10. Хесс Р. "Философияның таңдаулы 25 кітабы". Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018. – 360 с.
11. Кенни Э. "Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы" / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408 с.
12. Кенни Э. "Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы" / ғылыми редактор Оспанов С. – Астана, 2018. – 400 с.
13. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн. редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.
14. Johnston D. "A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida". – A&C Black, 2006. – 211 p. (Джонстон Ди. "Э бриф хистори оф философи: Фром Сокрэйтес ту Дэррида". - Эй энд Си Блэк, 2006. - 211 пи.)
15. Kenny A. "New History of Western Philosophy". Volume 1-4. – Oxford University Press, 2006 - 2010. (Кэнни Эй. "Нью хистори оф Вестерн философи". Волум 1-4 – Оксфорд юниверсити пресс, 2006-2010)
16. Humphreys P. "The Oxford Handbook of Philosophy of Science". – Oxford University Press, 2016. (Хамфрейс Пи. "Зе Оксфорд хэндбук оф философи оф ссайнс". – Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
17. Estlund D. "The Oxford Handbook of Political Philosophy". – Oxford University Press, 2017. (Эстланд Ди. "Зе Оксфорд хэндбук оф палитикал философи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
18. Cappelen H., Gendler T., Hawthorne J. The Oxford Handbook of Philosophical Methodology. – Oxford University Press, 2016. (Кэппелен Эйч., Гендлер Ти., Хэутон Джэй. "Зе Оксфорд Хэндбук оф философикл метадаладжи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
19. Karen Armstrong "A History of God: The 4000-year quest of judaism, christianity and islam". - Gramercy Books, 2014.- 496 p. (Кэрен Армстронг "Э хистори оф гад: Зе фо саузанд ие гэст оф джудаизм, христианити энд ислам". – Грамэрси букс, 2014 – 496 пи.)
20. Джонстон Д. "Краткая история философии/пер. Е.Е. Сухарева. - М.: Астрель, 2010. – 236 с.
21. Хесс Р. "25 ключевых книг по философии". – М.: Урал LTD, 2000. – 368 с.

Қосымша:

1. Барлыбаева Г.Г. "Эволюция этических идей в казахской философии". – Алматы, 2011.
2. Зотов А.Ф. "Современная Западная философия". – М.: Высшая школа, 2012.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің типтік оқу бағдарламасының үлгісі (бұдан әрі - бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және оқытудың мақсаты, міндеттері, құрылымы, мазмұны және оқыту әдістері мен оқу нәтижелерін айқындайды.

2. Осы бағдарлама жалпы білім беру циклінің міндетті пәндерінің бірі болып саналатын "Шетел тілі" пәнін оқытуды қамтамасыз етуге арналған.

3. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу 300 академиялық сағатты (10 академиялық кредитті) құрайды.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (A2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (B1, жалпыеуропалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін B1 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде B2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушыларға шетел тілінің лексикасын мен тілдік ерекшеліктерін игерту және олардың коммуникативтік-функционалды құзыреттілікттерін қалыптастыру;

2) мәдениаралық коммуникация субъектісі болып табылатын жеке тұлғаның мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсететін, мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру.

3) шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және тілі оқытылатын елдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін түсіну.

6. Оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары барысында студенттер келесідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

- 1) серіктесінің және осы деңгейдегі мәтіндердің авторларының коммуникативтік мақсаттарын түсінудің тұжырымдамалық негізін жүйелейді;
- 2) коммуникативтік мақсатқа сәйкес сөйлеу формалары мен түрлерін салыстырады және таңдап алады / логикалық құрастырылған сөйлеу түріне барабар қарым-қатынас (коммуникация);
- 3) зерттелетін тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдау және тиісті түрде қолдану арқылы өз коммуникативтік ниеттерін қажет деңгейде көрсете алады;
- 4) нақты фактілерді, беделді пікірге сілтемелерді және т.б., ауызша мінез-құлқының коммуникативтік және когнитивті негізделген әдістерін пайдалану деңгейлерін сыныптайды;
- 5) стилистикалық ерекшеліктерді зерттеуге назар аудара отырып, шет тілінің даму заңдылықтарын анықтайды;
- 6) ғылыми және әлеуметтік сипаттағы мәтіндердегі оқиғалардың себептері мен салдарын лингвистикалық сипаттайды және талдайды;
- 7) негізделген ақпаратты (мәліметтерді) пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады;
- 8) осы деңгейдегі жеткілікті негізделген тілдік құралдармен тілдік материалдарды дәлелді қолданады; 75% қатесіз сөйлеумен қатар, рұқсат етілген қателерді дер кезінде және өз бетінше түзетеді;
- 9) коммуникативтік әрекетті құру стратегиясын және тактикасын иеленіп, тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық дұрыс құрастыру арқылы, лексикалық жеткіліктілікке сүйене отырып, дұрыс интонациямен сөйлей алады.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Осы бағдарлама бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, пәннің тақырыптық жоспары, оқыту әдістері, оқу нәтижелерін бағалау критерийлері, пән алды (пререквизит) және пәннен кейінгі (постреквизит) оқытылатын пәндерге шолу жасаумен басталады.

8. Пәннің оқу жоспары, оның ішінде пәннің мазмұны, семинар тақырыбы (практикалық) және студенттердің өзіндік жұмысы осы бағдарламаға қосымшада берілген. Тақырып мазмұны салалардан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және қарым-қатынастың типтік жағдаяттарынан тұратын танымдық-лингвомәдени кешендер түрінде ұсынылған.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- 1) оқытушы мен студенттер тарапынан рефлексивті оқыту тәсіліне негізделген студенттерді шоғырландыра оқыту,
- 2) интерактивті практикалық сабақ (проблемалық тақырыптар, пікірталас алаңы, "Пресс-конференция", "Сұрақтар-жауаптар-талқылау");

- 3) интерактивті дөңгелек үстел, семинар, рөлдік ойындар;
- 4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау);
- 5) жобалау әдісі (өз тәжірибесі мен құзыреттілігін толықтыру және өзгерту).

10. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені мыналарды қамтиды:

- 1) силлабус (жұмыс оқу жоспары);
- 2) тәлімгерлердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру, оны жүзеге асыру кестесі және оларға әдістемелік нұсқаулар;
- 3) қысқа тақырыптық мазмұны;
- 4) семинарларлық (практикалық), зертханалық сабақтарға арналған оқу материалдары;
- 5) пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы;
- 6) пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы.

11. Студенттердің құзыреттерін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: бағдарлама мәтінінде тілдік материалды түсіну, терминологияны меңгеру, алынған білімді пайдалану.

Минималды-жеткілікті деңгей – (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес).

11.1. Минималды-жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

11.2. Минималды-жеткілікті деңгейде сөйлеу тілінің формалары мен сөйлеу түрлерінің түрлері: этикет сипатындағы диалог; диалог-сұрақ.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, баяндама жоспары.

11.3. Минималды жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлері бойынша:
- мәлімет беруге дайындық және қабілет, ақпарат беру; ақпарат сұрау, сұрақтар қою, сұрастырып білу; кеңес беру, ұсыныс жасау; сендіру, сақтандыру; бағалауыш сөйлесімдердің, тұжырымдардың көмегімен сипаттау; мейірім білдіру және жақтырмау, қызығушылық-немқұрайдылық, үмітті, сезімді білдіру.

- диалог барысында қайталауларды, перифраздарды және тағы басқа құралдарды қолдана отырып, дайын сөздер негізінде қарапайым әңгіме жүргізу, әңгімені жалғастыру үшін қысқа сөз оралымдарымен ой бөлісу, күнделікті өмірге және сөйлеу тақырыптарына (отбасы, бос уақыт және т.б.) қатысты таныс тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу, диалогты бастау, жалғастыру және аяқтау үшін сөйлеу әдеби сөздерін қолдану.

- Монолог барысында:

Өз отбасын, оқуын, тұратын орнын, курстастарын, күн тәртібін, ауа райын, жыл мезгілдерін және т.б. қарапайым фразалармен сипаттау, өзі, өзінің сабақтары мен қызығушылықтары туралы қысқаша хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында: туған-туысқандарды, өзінің айналасындағыларды, олардың іс-әрекеттері, үй (пәтер) және т.б. сөйлеу тақырыптары бойынша қарапайым фразалармен сипаттау, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып, коммуникативтік ниеттерді жеткізу.

Тыңдап түсіну барысында:

оқытушының және өзінің курстастарының сөзін, нұсқауларын түсіну;

күнделікті тұрмыста қолданылатын күнделікті қарапайым сөйлесімдерді қабылдау және түсіну;

оқытушының жақсы құрастырылған және баяу айтылған сұрақтарын, нұсқауларын, ережелерін немесе қарапайым қысқа бұйрықтарын түсіну;

хабарламаның тақырыбы туралы фрагментті (сөз, сөз тіркестері және қарапайым фразалар деңгейінде) болжап білу;

Оқу барысында келесі іскерліктер қалыптасады:

ұсынылған мәтіндердегі таныс атауларды, сөздерді, қарапайым фразаларды оқып бөліп көрсету;

тілін оқып жатқан елдегі адамдардың күнделікті өмірлерін реттеуіш прагматикалық мәтіндерді оқу: мәзір және ілінген хабарламалар, бағыттар мен жол карталары, әр алуан нұсқаулықтар мен ескертулер, кестелер және хабарламалар – жаңа әлеуметтік мәдени ортада іс-әрекетке бағдар беретін, негіз болатын ақпараттарды оқу;

Минималды жеткілікті деңгейде біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Бағалау деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Басқа тілдегі мәтінді ұйымдастырудың ережелерін сақтау. Жазбаша мәтіннің мазмұны мен көлемі (берілетін ақпараттың дәлдігі, нормативтік талаптарға сәйкестігі). Лексикалық қанықтығы, грамматикалық безендірілуі (этикет сөздердің дұрыстығы, орфография мен емле ережелерін сақтау).

Үйлесімді деңгей:

серіктесінің осы деңгейдегі коммуникативтік ниетін ым, ишара арқылы түсіну;

осы деңгейдегі өз коммуникативтік ниетін сөздік қоры жетпей қалған жағдайда көрнекіліктерді пайдалана отырып білдіру;

осы деңгейдегі сөйлеу/коммуникация формаларының авербалды және визуалды түрлерін таңдап алу;

коммуникативтік ниетін фото немесе суретте бейнеленген нақты деректерді пайдалана отырып баяндау;

Жоғары деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсіну;

өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;

сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;

кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсінуі;

өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;

сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.4. Жеткілікті деңгей: (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес):

Жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен қатысым түрлері :

- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби салаларында ақпарат алмасу жөніндегі диалог;

- іс-әрекетте түрткі болатын диалог.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: толық хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, ой-пікір элементтері бар баяндама жоспары

Жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- Коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында:

- бағдарламада көзделген қарым-қатынастың ең кең таралған стандарттық жағдаяттарындағы нақты коммуникативтік міндеттерді шешуге сүйене отырып, тілдік материалды өзгерту, құбылту және байланыстыру қабілеті мен даярлығы;

- Диалог барысында:

- оқытушымен, курстастарымен және басқа да адамдармен қарым-қатынаста күнделікті қарапайым жағдаяттарда ешқандай ерекше күш-жігер жұмсамай –ақ әңгімелесуді жүзеге асыра алады;

- әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени және оқу - кәсіби салаларында ақпарат алмасу үшін қарапайым фразалар мен сөйлемдерді диалогта қолданады;

- айтылған ұсынысқа жауап беру және өз бастамашылық көрсету және әңгімелесушінің әрекет етуіне ұйытқы болу, серіктеспен келіспеу немесе келісу.

- Монолог барысында:

- бірқатар фразалар мен сөйлесімдерді қолдана отырып, өз достарын, тұрғылықты орын жағдайларын, тамаққа қатысты қалауларын, өзінің бос уақытын, қаладағы бағыт-бағдарларды, отбасылық және ұттық мейрамдарды және т.б. толығырақ сипаттау ;

- сюжеттік суретті өз бетінше сипаттау;

- оқыған мәтіннің мазмұнын өз ұстанымын білдіре отырып элементарлы деңгейде қысқаша баяндау;

- өткен тақырыпқа қатысты 10-15 фраза көлемі бойынша шағын хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында:

қарапайым қысқа хат, қысқа жеке хат жазу, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып формулярды толтыру, өзінің күн тәртібін құрастыру және жазу, өзінің қалауларын, өмірбаянын, ағымдағы оқиғаларды қарапайым түрде сипаттау;

оқыған мәтінге жоспар және мәтін, тақырып бойынша өзінің сөйлейтін сөзінің қысқаша тезисін құрыстыру және жазу.

Тыңдап түсіну барысында:

таныс тақырыпта сөз болған жағдайда, тікелей қарым-қатынаста өзге адамның айтқан сөзінің жалпы мазмұнын түсіну;

фондық әлеуметтік мәдени білімдерге, оқыған лексикалық және грамматикалық материалға, сонымен қатар мағыналық контекстік болжамға сүйену;

өзінің жеке қарым-қатынас салаларына тікелей байланысты, мысалы жеке тұлғалық және отбасылық деректерге, дүкенде сауда жасау, атқаратын іс қатысты жиі қолданылатын лексика мен фразаларды түсіну;

қысқа, анық және қарапайым хабарламалар мен хабарландырулардағы негізгі ақпаратты түсіну.

Оқу барысында:

өткен тақырыптар шеңберінде әрекеттік күрделіліктің жоғары емес деңгейінің міндеттерін орындау бойынша нұсқауларды қамтитын мәтіндерді оқу;

қос тілді сөздіктермен және басқа да анықтамалармен жұмыс істеу, оларда жұмыста дұрыс бағыт-бағдар таба білу;

өзінің оқу тәжірибесіне, соның ішінде ана тілінде оқу тәжірибесіне сүйену;

тілдік және мағыналық болжамды дамыту;

өз бетінше оқу дағдыларын дамыту.

Жеткілікті деңгейде (A2) біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

- мәтін авторларының, серіктесінің коммуникативтік ниетін түсіну;
- өз коммуникативтік ниетін түсінікті түрде білдіре алуы;
 - сөйлеу/коммуникация формаларын сөйлеудің логикалық құрылымына барабартаңдай алуы;
 - коммуникативтік ниетін нақты деректер мен сілтемелерді пайдалана отырып жеткілікті түрде толық баяндауы;

Жоғары деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсінуі;
- өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;
 - сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;
 - кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсінуі;
- өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;
 - сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;
 - кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;
 - талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.5. Базалық жеткілікті деңгей - (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша B1 деңгейіне сәйкес):

Базалық жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер құрамы лингво-когнитивтік, әлеуметтік мәдени, когнитивтік және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Базалық жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен коммуникация түрлері : диалог-сұрастыру, ой бөлісу диалогы; диалог - әңгіме;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

Қарапайым деңгей (А1 – Шетелдік білім алушылар үшін)

№	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыптары	(Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары	Сағаттар саны
1 семестр				
1 апта: Танысу				
	Коммуникацияға қатысу: амандасу, қоштасу түрлері. Өзін таныстыру. Басқа адамды таныстыру. Қазақ әліпбиі. Қазақ дыбыстарының айтылуы мен жазылуы. Жіктеу есімдіктері.	Танысу. Сәлемдесу. Амандық сұрасу	Сәлемдесу, қоштасу түрлеріне байланысты шағын диалогтар құрастыру	10
2 апта: Мен және қоршаған орта				
	Өзі, туыстары туралы әңгімелеу. Туған жері, отбасы, отбасы мүшелері туралы ақпарат беру. Дыбыстардың жіктелуі. Үндестік заңы.	1.Өзім туралы	Өзі, туыстары туралы мәлімет құрастыру	10
3 апта: Оқу орны				
	Оқу орны, тобы, достары туралы әңгімелеу. Зат есімнің жіктелуі, тәуелденуі. Көптік жалғауларының қолданылуы.	Менің университетім	Оқу орны, тобы, достары туралы әңгімелеу	10
4 апта: Туған жерге саяхат				
	Туған жері туралы айту, белгілі бір орын туралы хабарлау.			

	Жалпы және жалқы есімдер. Зат есімнің көптелуі. Қосымшалардың жалғану реті (түбір сөз+жұрнақ+көптік жалғау + тәуелдік жалғау + септік жалғау+жіктік жалғау)	Менің өлкем	"Туған жерім" тақырыбына сөйлемдер құрастырып жазу	10
5 апта: Кітапханада				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: кітапханада (кітапхана қызметкерлерінен қажет нәрсені сұрай білу) Кітапхана, кітапхананың мекенжайы, қызметі . Іс-қимылдың бағытын айта білу. Зат есімнің септелуі . Септіктердің негізгі мағыналары: Атау септік (қимыл иесін білдіруі), Барыс септік (іс-қимылдың бағытын білдіруі).	Қоғамдық орындар: кітапхана	Университет кітапханасы жайлы сұқбаттасу	10
6 апта: Менің мекенжайым				
	Мекенжайды, өзі тұратын ортаны сипаттау. Орынды, бөлмені сипаттау. Бөлмедегі заттардың аталуын білу. Сын есімдер, анықталатын сөздің алдында тұруы.	Үй. Пәтер, бұйымдардың аталуы	Бөлме интерьері (сипаттама)	10
7 апта: Уақыт, сағат				
	Уақытқа қатысты сөздерді меңгеру, уақыттың қанша болғанын айта білу. Есептік сан есімдер, колданысы	Уақытты сұрау, хабарлау	Уақытқа қатысты сөздерді қатыстыра	10

	Жатыс септігі (іс-қимылдың мезгілін білдіруі)		отырып шағын диалог құрастыру	
8 апта: Жыл мезгілдері, апта күндері				
	Коммуникацияға қатысу: жыл мезгілдері, ауа-райы, табиғат. Сан есімдердің мағыналық топтары (есептік, реттік). Сан есімдер мен зат есімдердің байланысы.	Жыл мезгілдері, ауа-райы, табиғат.	Ауа райы болжамы (сипаттау, рөлдік ойын)	10
9 апта: Күн тәртібі				
	Коммуникацияға қатысу: студенттің күн тәртібі, қызығушылығы. Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.	Жұмыс күні және демалыс	Университеттегі бір күнім (монолог)	10
10 апта: Сауда орталықтарында				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: дүкенде, сауда орталықтары. Өзіне қажетті азық-түлікті сұрай білу, ақпаратты нақтылау. Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі)	Азық-түлік атаулары	Азық-түлік дүкенінде (диалог)	
11 апта: Тағам				
	Тағам атаулары, тағам түрлері жайлы сипаттау. Сын, сапа мәнді сөздер	Тағам, атаулары, түрлері	Менің сүйікті тағамым (сипаттау)	10
12 апта: Денсаулық				
	Коммуникацияға қатысу: емханада, дәріханада.		"Денім сау болсын десең..."	

	Көмектес септігі (іс-қимылдың құралы) Керек, қажет сөздерінің қолданысы.	Денсаулық – зор байлық	тақырыбына сөйлемдер құрастыру	10
13 апта: Киім				
	Коммуникацияға қатысу: киім мен сән үлгілері Өзіне қажет киімді, өлшемді сұрай білу. Етістіктің шақ формалары. Нақ осы шақ. Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Қалып етістіктерінің қолданысы	Киім дүкені, сауда орталықтары	Біз қалай киінеміз? (диалог)	10
14 апта: Адамның мінезі мен қасиеттері				
	Коммуникацияға қатысу: адамның қасиеттері, мінезі. Есім сөздердің қолданысы.	Көркем мінез	Досымның мінезі (ұсынылған лексика-грамматикалық минимумды қолдана отырып сипаттама жазу)	10
15 апта: Мерекелер				
	Коммуникацияға қатысу: мерекемен құттықтау, тілек айту Табыс септігі. Құттықтау кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі.	Мерекелер. Отбасылық дәстүрлі мерекелер	Құттықтау сөздерін жазып үйрену	10
2 семестр				
1 апта: Қоғамдық орындарда				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: дәмханада, асханада. Ақпаратты нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін ажырата білу Жатыс септігі (іс-қимылдың мекені)	Тағам. Ұлттық тағамдар.	Мейрамханада тапсырыс бере білу (диалог)	10

	- шы, - ші журнағымен келетін өтініш мәнді сөйлемдер			
2 апта: Мәдени орындарда				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: театрда. Ақпаратты сұрай білу, нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін ажырата білу . Етістіктің шақтары.	Қазақ театрларымен танысу	Театрда (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	10
3 апта: Қызықты мәліметтер				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: мұражайда Оқиғаның орны, уақыты жайлы ақпаратты сұрау, нақтылау Бұрынғы өткен шақта ақпаратты түсіндіру, айту.	Қазақстан мұражайлары	Мұражайда (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	10
4 апта: Жол жүру				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: әуежайда, вокзалда Билет сұрау, уақытын анықтау, бағытты сұрай білу Ақпарат беру, нақтылау Бұйрық рай формасының колданылуы.	Көлік түрлері	Әуежайда, вокзалда (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	10
5 апта: Саяхат				
	Орын, зат, дерек жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау. Саяхат жасауда колданылатын	Қазақстанға саяхат жасасам	Менің ең қызықты саяхатым (монолог)	10

	сөздер, құрылымдар . Етістік+-са, - сеформасы арқылы колданылуы			
6 апта: Менің Отаным				
	Өз елі жайлы сипаттау. Мәлімет беру, сипаттау. Етістік + ғы(-гі, -кі, -қы) + тәуелдік жалғауы келуформасының шақ, жақ бойынша түрленіп жасалуы.	Мен еліммен мактанамын	Менің елім (ақпарат беру, сипаттау)	10
7 апта: Қазақ елі				
	Ақпарат беру, нақтылау, мәлімет беру, сипаттау. Қазақстан туралы ақпараттарды жинақтау, түсіну, меңгеру. Себебі, өйткені жалғаулықтарының колданысы.	Жері байдың – елі бай	"Қазақстан – бай өлке" тақырыбында сөйлемдер құрастырып жазу	10
8 апта: Қазақстандағы көрікті жерлер				
	Орын, зат, дерек жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау. Қалау рай формасының колданылуы, қалау мәнді сөйлемдердің берілуі	Әсем өлке	Менің көрнекті жерлерді көргім келеді (өз қалауын айта білу)	10
9 апта: Қазақстан қалалары				
	Қалалар жайлы ақпарат жинақтау, нақтылау, мәлімет беру, сипаттау. Көше атаулары, қаладағы бағытты сұрау, сипаттау, салыстыру. Мекен үстеулері. Көмекші есімдер, тілде колданылуы	Қазақстандағы ірі қалалар	Менің сүйікті қалам (сипаттама)	10
10 апта: Қазақ халқының дәстүрлері				

	<p>Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, талдау, салыстыру.</p> <p>Мезгіл үстеулер және жатыс септік арқылы берілуі, мезгіл мәнді сөйлемдердің құрылуы.</p>	Наурыз мейрамы	Мен білетін дәстүр (сипаттау)	10
11 апта: Қазақ халқының өнері				
	<p>Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, талдау, салыстыру.</p> <p>Таңдану, риза болу ниеттерін білдіруде қолданылатын сөздер.</p> <p>Көңіл-күй одағайлары.</p>	Қазақ халқының музыкалық аспаптары, атаулары	Күй – керемет туынды (эмоциялық қарым-қатынасын білдіру)	10
12 апта: Қазақ халқының танымал тұлғалары				
	<p>Адам, дерек жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау.</p> <p>Белгілі бір тұлғаның өмірбаянын түсініп оқу, ақпаратты талдау, сипаттау.</p> <p>Етістіктің өткен шақ формаларының қолданылуы, айырмашылығы.</p>	Мен білетін тұлға	Аңыз адамдар туралы ақпарат дайындау	10
13 апта: Қазақстан жастары				
	<p>Оқиғаның ерекшелігін, заттың, адамның қасиетін сипаттау, мәлімет беру.</p> <p>Жастардың қызығушылығы, білім алуы жайлы ақпаратты жинақтау, талдау.</p> <p>Сын есімнің шырайлары, салыстыру мәнін берілуі.</p>	Білімді болғым келеді	Менің қазақстандық достарым (монолог)	10

14 апта: Ақпарат

	Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, талдау, салыстыру. Ғаламтор. Баспасөз. Әлеуметтік желі. Бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да жалғаулықтарының қолданысы.	Ғаламтор және әлеуметтік желілер	Әлеуметтік желілерді салыстыра отырып сипаттау	10
--	--	----------------------------------	--	----

15 апта: Жаңа әліпби

	Қазақ тілінің ерекшеліктері жайлы ақпаратты топтастыру, жинақтау. Жаңа әліпби туралы мәлімет Ақпаратты топтау, қайталау, талдау.	Латын әліпбиін үйренеміз	Жазып үйрену	10
--	--	--------------------------	--------------	----

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат

Барлығы: 300 академиялық сағат

Базалық деңгей (А2)

№	Пәннің мазмұны	Семинар практикалық сабақтардың тақырыбы	(Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
1 семестр				
1 апта: Қазақ тілі – мемлекеттік тіл				
	Қазақ тілінің байлығы, ерекшелігі. Қарым-қатынас құралы, тілді үйрену, құрметтей білу. Коммуникацияға қатысу: көп тіл білудің пайдасы. Қазақ тілінің өзіне тән лексика-грамматикалық ерекшеліктері.	Қазақ тілі – бай тіл	Мемлекеттік тіл – менің тілім (тақырып бойынша ұсынылған жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру)	10
2 апта: Мен және менің ортам				
	Өзі жайлы баяндау, болашаққа жоспары жайлы толық			

	<p>мәлімет беру, басқа адамнан мәлімет сұрау.</p> <p>Үндестік заңы. Жалғаулар мен қосымшалардың үндестік заңына сәйкес жалғану ерекшеліктері және емлесі. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.</p>	<p>Мен және қоршаған орта</p>	<p>Азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны, қызығушылықтары туралы мәтін құрастыру</p>	<p>10</p>
3 апта: Отбасы және дәстүр				
	<p>Отбасы, туыстары туралы әңгімелеу.</p> <p>Отбасы мүшелерінің мамандығы, қызығушылығы туралы ақпарат беру.</p> <p>Ықпал түрлері: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы.</p>	<p>Отбасы – шағын мемлекет</p> <p>2.</p>	<p>Отбасы және ұлттық дәстүрлер. Өз отбасында өткізілетін дәстүрлер туралы монолог құрастыру.</p>	<p>10</p>
4 апта: Оқу орны				
	<p>Оқу орны, мамандығы, тобы, достары туралы әңгімелеу.</p> <p>Сөз құрамы, сөздердің негізі туралы ұғым. Қосымшалардың орын тәртібі.</p>	<p>Менің университетім</p>	<p>Менің университетім – менің мақтанышым (эссе жазу)</p>	<p>10</p>
5 апта: Туған жерге саяхат				
	<p>Туған жері туралы айту, белгілі бір орын туралы сипаттау.</p> <p>Туған жердің адамдары, табиғаты, салт-дәстүрі, ерекшелігі.</p> <p>Туған жерге деген өзінің жеке көзқарасын, сағынышын білдіру.</p> <p>Жалпы және жалқы зат есімдер, күрделі атаулар.</p>	<p>Біздің өлке</p>	<p>"Астана – арман қала" тақырыбына презентация дайындау.</p>	<p>10</p>

6 апта: Қоғамдық орындарда

	<p>Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: кітапханада (кітапхана қызметкерлерінен қажет нәрсені сұрай білу), мұражай. Барыс септік (іс-қимылдың бағыты; іс-қимылдың объектіге бағытталғаны; қозғалыстың аяқталу нүктесі; қимылдың мақсаты)</p>	<p>Қоғамдық орындар: мұражай, көрме</p>	<p>Мұражай - өткен мен болашақты жалғастырушы. (мұражайға саяхат жасай отырып, эссе жазу)</p>	<p>10</p>
--	---	---	---	-----------

7 апта: Тұрғын үй

	<p>Орынды, бөлмені, тұрғын үйлер түрлерін сипаттау. Бөлмедегі заттардың аталуын білу. Сын есімдер, анықталатын сөздің алдында тұруы. Көмекші есімдер, септелуі, тілде қолданылуы.</p>	<p>"Ақылды үй" функциясы</p>	<p>Ғажайып үйлер – ертегі емес (презентация)</p>	<p>10</p>
--	---	------------------------------	--	-----------

8 апта: Адам және уақыт

	<p>Уақытқа қатысты сөздерді меңгеру, уақыттың қанша болғанын айта білу. Мезгілді білдіретін ұғымдар. Есептік сан есімдер, қолданысы. Жатыс септігі (іс-қимылдың мезгілін білдіруі)</p>	<p>Менің бір күнім</p>	<p>Ұсынылған тақырыпқа қатысты сөздермен диалог құрастыру</p>	<p>10</p>
--	--	------------------------	---	-----------

9 апта: Жыл мезгілдері

	<p>Коммуникацияға қатысу: жыл мезгілдері, ауа-райы, табиғат. Сан есімдердің мағыналық топтары (есептік, реттік).</p>	<p>Климат және жыл мезгілдері</p>	<p>Тропикалық субтропикалық, қоңыржай ауа райы туралы айту</p>	<p>10</p>
--	--	-----------------------------------	--	-----------

	Сан есімдер мен зат есімдердің байланысы.			
10 апта: Ауа райы				
	Ауа-райын, табиғатты суреттеуде қолданылатын сын есімдер. Мезгіл мәнді сөздер. Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.	Ауа райы	Ауа райы болжамы (метеорологиялық орталық хабарын дайындау)	10
11 апта: Сауда орталықтарында				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: дүкенде, сауда орталықтары. Өзіне қажетті азық-түлікті сұрай білу, ақпаратты нақтылау. Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі)	Азық-түлік атаулары, сапасы, шығу мерзімі	Азық-түлік дүкенінде (диалог)	
12 апта: Асыңыз дәмді болсын!				
	Тағам атаулары, тағам түрлері жайлы сипаттау. Дұрыс тамақтану. Ұлттық тағам атаулары. Сапалық және қатыстық сын есімдер.	Студенттік асхана және дәмхана	Қазақы дастарқан (мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну, талдау)	10
13 апта: Денсаулық және спорт				
	Коммуникацияға қатысу: емханада, дәріханада. Спортпен шұғылдану, денсаулықты сақтау жолдары.	Спорт – денсаулық кепілі	Ұлттық ойындар (бейнебаянмен жұмыс)	10

	Көмектес септігі (іс-қимылдың құралы) Керек, қажет сөздерінің қолданысы			
14 апта: Киім– адам көркі				
	Коммуникацияға қатысу: киім мен сән үлгілері. Өзіне қажет киімді, өлшемді сұрай білу, киім атаулары, ұлттық киім атаулары. Етістіктің шақ формалары. Нақ осы шақ. Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Қалып етістіктерінің қолданысы	Киім – адам көркі	Қандай киім үлгілері ұнайды? (диалог)	10
15 апта: Мінез және келбет				
	Коммуникацияға қатысу: адамның қасиеттері, мінезі. Адамның қасиеттерін, келбетін суреттеуде қолданылатын сөздер. Сын есімнің жасалуы. Туынды сын есімдер.	Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті	Адамның қасиеттеріне (мінез-құлық, дағдыларына) сипаттама жасау	10
2 семестр				
1 апта: Қоғамдық орындарда				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: халыққа қызмет көрсету орталығында; "Бір терезе" қағидасы; "Электронды үкімет" функциясы Ақпаратты нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін сақтап сөйлеу.	Халыққа қызмет көрсету орталығы	"Маған анықтама керек еді"	10

	Жатыс септігі (іс-қимылдың мекені) - шы, - ші жұрнағымен келетін өтініш мәнді сөйлемдер.		Тұтынушы мен маман арасындағы диалог	
2 апта: Мәдени орындарда				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: театрда. Қазақ театрлары, билетке тапсырыс беру, белгілі актерлер. Ақпаратты сұрай білу, нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін сақтап сөйлеу. Зат есімнің тәуелденуі, көпше түрі, тілде қолданылу жолдары .	Қазақ театрлары	Театрда (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	10
3 апта: Банк қызметі				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға қатысу: банкте. Ақша алу, аудару, банк қызметін пайдалануға қатысты сөздерді меңгеру. Ақпаратты сұрай білу, нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін сақтап сөйлеу. Сан есімдердің мағыналық топтары , қолданысы.	Ақшаны үнемдей білесіз бе?	Банкте (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	
4 апта: Жол жүру				
	Қоғамдық орындарда коммуникацияға			

	<p>қатысу: әуежайда, вокзалда</p> <p>Билет сұрау, уақытын анықтау, бағытты сұрай білу</p> <p>Ақпаратты сұрай білу, нақтылау, қоғамдық орындарда сақталатын сөз әдебін сақтап сөйлеу.</p> <p>Бұйрық рай формасының қолданылуы.</p>	Ең қауіпсіз көлік	Әуежайда, вокзалда (жағдаяттар бойынша диалогтар құрастыру)	10
5 апта: Саяхат				
	<p>Орын, зат, дерек жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау.</p> <p>Саяхат жасауда қолданылатын сөздер, құрылымдар</p> <p>. Туристік агенттіктер, саяхаттың пайдасы. Етістіктің шақ формалары.</p>	Еліміздегі туризм	Менің ең қызықты саяхатым (монолог)	10
6 апта: Менің Қазақстаным				
	<p>Ақпарат беру, нақтылау, мәлімет беру, сипаттау.</p> <p>Қазақстан туралы ақпараттарды жинақтау, түсіну, меңгеру.</p> <p>Себебі, өйткені жалғаулықтарының қолданысы.</p>	Отандық өнеркәсіп	Қазақстан брендтері жайлы презентация	10
7 апта: Қазақстандағы көрнекті жерлер				
	<p>Орын, зат, дерек жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау.</p> <p>Қалау рай формасының қолданылуы, қалау мәнді сөйлемдердің берілуі.</p>	Көрнекті жерлерді білесіз бе?	Менің көрнекті жерлерді көргім келеді (өз қалауын айта білу)	10

	Тілек мәнді сөйлемдердің құрылу жолдары.			
8 апта: Қазақ халқының дәстүрлері				
	Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, талдау, салыстыру. Халқымыздың жиі қолданылатын дәстүрлеріне сипаттама жасау. Мезгіл үстеулер және жатыс септік арқылы берілуі, мезгіл мәнді сөйлемдердің құрылуы.	Құнды мұра	Мен білетін дәстүр (сипаттау)	10
9 апта: Мерекелер				
	Коммуникацияға қатысу: мерекемен құттықтау, тілек айту. Ресми, бейресми құттықтаулар. Табыс септігі, тілдегі қолданысы.	Наурыз мейрамы	Құттықтау түрлеріне мәтіндер құрастыру	10
10 апта: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру				
	Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, салыстыру. Жаһандану барысында ұлттық құндылықтардың сақталуы жайлы пікір алмасу. Болжам мәнді сөйлемдер.	Қазақстан әлемдік кеңістікте	Елімнің болашағы (эссе)	10
11 апта: Білім және ғылым				
	Коммуникацияға қатысу, ақпараттарды жинақтау, салыстыру Шетелде білім алу жайлы пікір алмасу. Маған... етістік+у қажет (керек)	Шетелде білім алу: академиялық ұтқырлық	Шетелде білім алу: түрлі гранттық бағдарламаларға	10

	тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы.		қатысу; тәжірибе алмасу туралы ақпараттар жинау	
12 апта: Өнертабыс және жаңашылдық				
	Адам, дерек, оқиға жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау. Белгілі бір өнертабыс жайлы мәліметті талдау, сөздік қорын байыту. егер.... етістік+са(се)+жіктік жалғауы онда..... тіркесінің шақ, жақ бойынша түрленіп қолданылуы.	Жаңа өнертабыс туындылары	Жас өнертапқыштар (жаңалықтары жайлы баяндау)	10
13 апта: Қазақстандағы ғарыш айлағы				
	Адам, дерек, оқиға жайлы нақты ақпарат беру, нақтылау, хабарлау, сипаттау. Қазақ ғарышкерлері жайлы мәліметті талдау, сипаттау. Байқоңыр – ғарыш айлағы туралы коммуникацияға қатысу. Етістік- (y) -ға, -(y) -ге болады / болмайды формасының қолданылуы	Байқоңыр – ғарыш айлағы	Қазақ ғарышкерлері жайлы баяндау	10
14 апта: Баспасөз				
	Өзі қолданатын БАҚ құралдары жайлы сипаттау. Қазақ баспасөзі тарихына шолу. Сын есімнің шырайлары, салыстыру мәннің берілуі.	Баспасөз және электронды БАҚ	Алғашқы қазақ газеттері жайлы баяндау	10
15 апта: Қазақ тілі және өркениет				
	Қазақ жазуының тарихы туралы			

	ақпаратты жинақтау , талдау. Латын әліпбиі: жазу емлесі.	Қазақ тілінің жаңа әліпбиі	Жазып үйрену	10
--	---	----------------------------	--------------	----

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат

Барлығы: 300 академиялық сағат

Орта деңгей (B1)

№	Пәннің мазмұны	Семинар практикалық сабақтардың тақырыбы	(Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
1 семестр				
1 апта: Жеке тұлға				
	Жеке тұлғаның қоғамдағы орны. Азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны туралы мәлімет. Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестердің қолданысы.	Жеке тұлға	"Мен Қазақстан азаматымын" тақырыбына монолог құрастыру.	10
2 апта: Отбасы және дәстүр				
	Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, отбасы берекесі, отбасындағы салт-дәстүрлер, туыстық атаулар туралы ақпарат. Жалпы және жалқы зат есімдер; көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі (менің туыстар+ым); тәуелді септеу (менің әкемнің ағасы);жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы (Біз қалалық + пыз); Жай сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттарына қарай жұмсалуды.	Отбасындағы сыйластық	Туыстар, олардың тұрмысы мен мамандығы жайлы сұқбат. Туыстарының бойындағы ерекше қасиеттері туралы әңгімелеу.	10
3 апта: Мамандықтың бәрі жақсы				

	<p>Оқу орны, мамандық таңдау, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуі туралы ақпарат.</p> <p>Іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.</p>	<p>Менің мамандығым – менің болашағым</p>	<p>"Мен таңдаған мамандық" (ойталқы)</p>	<p>(10</p>
<p>4 апта: Қоғам және жастар</p>				
	<p>Жастардың қоғамдағы орны, іс-әрекеті. Қоғамның дамуына жастардың қосып жатқан үлесі туралы мәлімет.</p> <p>Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер интенциялар), әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары, салыстыру құрылымдарын беру тәсілдері.</p>	<p>(Қоғам және жастар</p>	<p>Қоғамдық орындардағы этика (пікірсайыс)</p>	<p>10</p>
<p>5 апта: Бірінші байлық – денсаулық</p>				
	<p>Денсаулық сақтау, спорттың денсаулыққа пайдасы, дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығы. Ұлттық сусынның пайдасы.</p> <p>Бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар</p>	<p>Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы</p>	<p>Ұлттық сусын – қымыз. Қымыздың пайдасы туралы</p>	<p>10</p>

	мәтіндердің сипатталуы, жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы (Бұл – құнарлы тағам. Жаттығудың пайдасы)		бейнебаян материалдарымен жұмыс.	
6 апта: Адам және экология				
	Табиғи таза өнімдер және оған сұраныс, табиғи өнімнің сапасы, таза өнімнің денсаулыққа пайдасы. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер (сүт өнімдері, ауыл шаруашылығы, қоршаған орта). Оларға қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.	Экологиялық таза өнім	Сапалы тағам – саламаттық өмір салтының бастауы (мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну, талдау)	10
7 апта: Саяхат және туризм				
	Туған жерге саяхаттау; туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністері; еліміздің туризм саласы. Жалпы және жалқы зат есімдер, деректі және дерексіз ұғымдардың атауы. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.	Өз өлкеңді таны	"Қандай көркем – туған өлкем" тақырыбына эссе жазу.	10
8 апта: Адам және табиғат				
	Табиғатта болып жатқан өзгерістер. Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсері.			

	<p>Күрт құбылмалы ауа райы туралы мәлімет.</p> <p>Мезгіл мағыналы сөздер (қыс, көктем, түсте, кеш батқанда), салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы (Алматыға қарағанда Астана суық; бұған қарағанда, соған қарағанда, осыған қарағанда).</p>	<p>Табиғат құбылыстары</p>	<p>Табиғат құбылыстарынан келетін қиындықтар (сауалнама дайындау)</p>	<p>10</p>
<p>9 апта: Адам және уақыт</p>				
	<p>Уақыттың құндылығы, оны басқара білу. Уақыты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы ақпарат. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру.</p>	<p>Ұлы мәртебелі уақыт</p>	<p>Уақытыңды бағалай білесің бе? (ойталқы)</p>	<p>10</p>
<p>10 апта: Мәдениет және өнер</p>				
	<p>Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы. Алғашқы кино және пьесалар. Қазақтың танымал өнер қайраткерлері. Өзіне ұнайтын туынды жайлы әңгімелеу, театрға саяхат. Бірлескен іс-қимылдың берілуі, қимылдың тәсілі, амалы. Жалпылау есімдіктері.</p>	<p>Театр және кино өнері</p>	<p>Өнер көкке жеткізер (жобалық жұмыс)</p>	<p>10</p>
<p>11 апта: Мінез және келбет</p>				
	<p>Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті,</p>			

	олардың үйлесімділігі туралы мәлімет. Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер (жақсы көру, көңіл бөлу, іске асыру).	Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат	Киіміне қарай қарсы ал, мінезіне қарап шығарып сал. (ойталқы)	10
12 апта: Сән мен талғам				
	Киім үлгілері пішіндерінің алмасуы, стиль ерекшеліктері. Қазіргі заманғы киім үлгісі. Қазақстанның қазіргі сәнгерлерінің киім үлгілері. Сын-бейне үстеулері (әрең, бірте-бірте, ақырындап), мөлшер үстеулері (біраз, айтарлықтай, бірен-саран). Анықтайтын, нақтылайтын сөздердің берілуі.	Киім. Сән. Талғам	Тренд қандай? Сән үрдістері мен тенденциялары (жобалық жұмыс)	10
13 апта: Әдебиет және өнер				
	Қазақ халқының рухани, мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет. Танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылау. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі,	Проза және поэзия	Менің сүйікті жанрым (әңгімелеу)	10

	өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).			
14 апта: Менің Отаным				
	Отан, туған жер ұғымы. Отанға деген сүйіспеншілік, елді, жерді құрметтеу, еліміздің рәміздерін қастерлеу жайлы ақпарат. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салалардағы қатысым түрлері. Сөйлемдердің логикалық, мағыналық байланысы. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есімнің (жиырма бірінші ғасыр; бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы) берілуі.	Атамекен – құт мекен	Бай өлке (өлке жетістігі жайлы статистика)	10
15 апта: Тұрғын үй және сәулет				
	Сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сырт келбеті. Қазіргі заманауи үйлер, олардың ерекшеліктері туралы ақпарат. Баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерді бағалау, қорытындылау. Көмекші есімдер (айналасында, сыртында, маңайында). Күшейткіш мәнді сөздер (нағыз, керемет, теңдессіз)	Қазіргі заманауи үйлер	Еліміздегі көрнекті сәулет туындылары (жобалық жұмыс)	10

2 семестр

1 апта: Білім және ғылым

	<p>Білім, ғылым және жастар саясаты. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық. Қазіргі білім беруді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы мәлімет. Заттың (жақ, тарап) анықтамасы (Қазақстан жастары), салыстыру құрылымдарының берілуі, іс-қимылдың мекені (елімізде, оқу орындарында)</p>	<p>Ел болашағы – білімді ұрпақта</p>	<p>Мәтін бойынша эссе жазу</p>	<p>10</p>
--	---	--------------------------------------	--------------------------------	-----------

2 апта: Білімді жастар - болашақтың тірегі

	<p>Білімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ туралы мағлұмат. дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы): Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі жаңашылдығы, жоғары оқу орындарындағы тәжірибе. Диалогты бастау, жалғастыру.</p>	<p>Мен жастарға сенемін</p>	<p>"Болашақ" түлектерімен сұқбат</p>	<p>10</p>
--	--	-----------------------------	--------------------------------------	-----------

3 апта: Өнертабыс және жаңашылдық

	<p>Өнертабыс-өнертапқыштық ұғымы, бүгінгі таңдағы өнертабыс түрлері мен оларға сипаттама. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+-ма-й-ын-ша, -</p>	<p>Қазіргі заман өнертабыстары</p>	<p>Телехабарларға шолу</p>	<p>10</p>
--	---	------------------------------------	----------------------------	-----------

	ме-й-ін-ше, па-й-ын-ша, пе-й-ін-ше, ба-й-ын-ша, бе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы			
4 апта: Танымал тұлғалар				
	"Қазақстандағы 100 жаңа есім" жобасы, оның мақсаты, жоба жеңімпаздары, елімізге ең танымал есімдер туралы мәлімет. Есімшенің анықтауыштық қызметі (айтылған ой, айтқан ұсыныс, таңдаған кәсіп). Шектік (тежеу) демеуліктері (ғана, тек қана).	Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі	"100 жаңа есім" жобасын қолдаймыз (пікірлесу)	10
5 апта: Бұқаралық ақпарат құралдары				
	Бұқаралық ақпарат құралдары, оның түрлері. БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі. Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі туралы мәлімет. Ақпарат көздеріне сілтеменің берілуі. Предикаттың күрделенген түрі (".. деп", "... екен", "... -уға болады", "... -у керек", "... деді"); Етістік+ -са(-се) да, де түрінде қолданылуы	БАҚ – өмір айнасы	Баспасөз беттері сөйлейді	10
6 апта: Көлік және логистика				
	Көлік, көлік қатынасы. Көліктің түрлері. Көпшілік пайдаланатын көлік. К ө л і к логистикасының міндеттері.Қазақста ндағы көлік жүйесі.			

	Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері (жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, ілгері). Көмекші есімдердің (бойында, айналасында, сыртында, маңайында, қасында) берілуі.	Көлік және логистика	Көлік қатынасы туралы баяндау	10
7 апта: Ел экономикасы				
	Қазақстан Республикасының экономикасы, оның дамуы. Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны. Еліміздің беделді халықаралық ұйымдарға мүше болуы. Себеп-салдар, қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар(бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, карағанда, салыстырғанда). Анықтауыштық қатынас (нарықтық экономика); кеңістіктік қатынас (Еуразия төрінде)	Тәуелсіз елдің экономикасы	Экономикалық келіссөздер – тұрақтылық кепілі (Б А Қ материалдармен жұмыс)	10
8 апта: Әлем назарындағы Қазақстан				
	Еліміздің ұзақ мерзімді даму бағдарламалары, оларды жүзеге асыру жолдары. " Қазақстан - 2030", " Қазақстан - 2050" стратегиялары: қабылдануы және маңызы туралы ақпарат.	Қазақстан Республикасының стратегиялық даму		10

	<p>Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог.</p> <p>Қ а л ы п етістіктердің қолданылу ерекшеліктері.</p> <p>Етістік + -ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалуы.</p>	<p>бағдарламалары мен жоспарлары</p>	<p>БАҚ мәліметтеріне шолу жасау, баяндау.</p>	
9 апта: Ел қауіпсіздігі				
	<p>Еліміздің Қарулы Күштері, оның түрлері, Қарулы Күштердің әлеуеті, құрылымы мен қызметі. Республика Ұ л а н ы , ұландықтардың әскери міндеті. Әлеуметтік-саяси, ресми салалардағы қатысымға негізделген мәтіндердің берілуі. Монолог, диалог түріндегі ақпарат. Мақсат мәнді сөйлем: етістік+у+ үшін тіркесі арқылы жасалуы</p>	<p>Қазақстан Қарулы Күштері</p>	<p>Ел қауіпсіздігі – ең басты мәселе (пікір алмасу)</p>	<p>10</p>
10 апта: Адами құндылық				
	<p>Адамгершілік пен а д а м и құндылықтар. Адам и құндылықтың адам өміріндегі рөлі . Бауырмалдық және кеңпейілділік - адамның ең бір асыл қасиеттері. Адами құндылықты насихаттау. Танымдық-ақпараттық мазмұндағы мәтінді сипаттау, суреттеу, бағалау және қорытындылау .</p> <p>Етістік + а (-е,-й) алу+ модаль</p>	<p>Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...</p>	<p>Кең пейілді қазақ халқының жер аударылып келген ұлттарға деген</p>	<p>10</p>

	етістіктер шақ, жақ формалары арқылы жасалуы.		бауырмалдылығы туралы бейнебаян дайындау.	
11 апта: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру				
	Қазақстан халқының демографиялық жағдайы, халық санының динамикасы, демографиялық саясаттың маңыздылығы туралы ақпарат. Мәтін мазмұнындағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, қатынасын білдіре алу, ой қорыту тәсілдері. Сан-мөлшер категориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер (1-ден 7-ге дейін), топтау сан есімдері (екі-екіден), болжалдық сан есімдердің (он шақты, жиырмаға жуық) берілуі.	Демография – ұлт тағдыры	Қазақстанның демографиялық жағдайына статистикалық шолу.	10
12 апта: Өркениет және жаңа әліпби				
	Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Ғылыми термин және жаңа сөздер. Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы. Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.	Латын әліпбиі – өркениет жолы	Мәтінмен жұмыс	10
13 апта: Тілдік кәсіби бағдар				
	Болашақ маманның тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер.			

	<p>Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары (сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде). Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы</p>	<p>Кәсіби тіл ерекшелігі</p>	<p>Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс жайлы мәлімет жинау</p>	<p>10</p>
<p>14 апта: Кәсіби тілдің терминжүйесі</p>				
	<p>Тілді кәсіби бағдарлы қолдану. Салалық және кәсіби терминдер. Қазақ тіліндегі термин сөздер. Әлеуметтік және кәсіби салаларда қолданылатын сөздер (тұлға, азамат, заң, шетелдік, нарық, келіссөз, жол қатынасы). Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.</p>	<p>Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер</p>	<p>Терминдік норма қолданысын сипаттау</p>	<p>10</p>
<p>15 апта Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі</p>				
	<p>Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі. Жарыссөзге шығу. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі. Қазақ тіліндегі терминдердің салалық бөліністері. Грамматикалық ерекшеліктері мен бірізділігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі</p>	<p>Кәсіби мәтін ерекшелігі</p>	<p>Кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас</p>	<p>10</p>
<p>Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат Барлығы: 300 академиялық сағат</p>				

Ортадан жоғары деңгей (B2)

№	Пәннің мазмұны	Семинар практикалық сабақтардың тақырыбы	(Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
1 семестр				
1 апта: Адам және руханият				
	<p>Қ а з а қ дүниетанымындағы адами келбет. Елге қажетті игілікті іс. Ел кәдесіне жарау, елдің өркендеуіне үлес қосу, отанға қызмет ету туралы ғибратты ойлар.</p> <p>Қоғамдық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық сала бойынша орындалатын/ орындалған іс-әрекет туралы сипаттама ақпарат беру, тұжырым жасау, негіздеу, дәлелдер келтіру; Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші модельдерді білу, меңгеру</p>	<p>Атаның емес, адамның баласы бол ...</p>	<p>Дәстүрін дәріптеген ел тозбайды (қазақ дүниетанымындағы адами келбет туралы ойталқы)</p>	10
2 апта: Ырыс алды - ынтымақ				
	<p>Отбасы мүшелерінің өзара ынтымақтастығы, отбасы берекесі, отбасындағы салт-дәстүрлер, дәстүр сабақтастығы туралы ақпарат.</p> <p>Әлеуметтік-тұрмыстық сала бойынша орындалатын/ орындалған іс-әрекет туралы сипаттама, тұжырым жасау, негіздеу, дәлелдер келтіру; Өтініш, тілек, сұрау мәнді сөйлем; болар, шығар, қайтеді сөз</p>	<p>Отбасы ынтымақтастығы</p>	<p>Үйлену оңай – үй болу қиын; дәстүр</p>	10

	тіркестерісекілді формалармен берілуі.		сабақтастығы жайлы монолог құрастыру	
3 апта: Білім жүйесі				
	<p>Қазақстандағы білім беру жүйесі, оның құрылымы. Орта білім, кәсіптік білім беру. 12 жылдық білім жүйесі. Қазақстандағы білім беру реформалары. ҚР "Білім туралы" заңы.</p> <p>Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші модельдерді білу, меңгеру және мағыналарын түсіну; сөйлеу әрекеттері барысында қолдану. Түбір сөздің, күрделі сөздердің, атаулық тіркестердің тәуелденуі, жіктелуі, септелуі/тәуелдене септелуі (оңаша және ортақ тәуелдену). Мөлшер ұғымын білдіретін бірнеше, біраз, бірталай, көптеген, талай т.б. сөздердің қолданылуы.</p>	Қазақстандағы білім беру жүйесі	Білім ошақтары. Мәтін мазмұнына қатысты пікір білдіру, өз мамандығына қатысты белсенді сөздердің мағынасын түсіну және оны қолдана білу.	10
4 апта: Заман және заң				
	<p>Әдет құқығы. Қазақ жеріндегі алғашқы заңдар. Билер, билік айту мәселелері. Жеті жарғы. Еліміздің Ата заңы. Коммуникативтік мақсат-ниеті айқын монолог құрастыру, ондағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, бағасын, пікірін, эмоциясын білдіру тәсілдері. Субстантивтенген сөздерге ілік</p>	Заман және заң	Дала заңдарынан Ата заңға дейін (ақпараттарды талдау)	10

	септігінің жалғануы (білгеннің артығы жоқ, жақсының сөзін тыңда).			
5 апта: Денсаулық және саламатты өмір салты				
	<p>Денсаулық сақтаудың маңызы, дұрыс тамақтану тәртібі.</p> <p>Экологиялық таза тағамдар туралы ақпарат.</p> <p>Танымдық, жағдаяттық, ақпараттық мазмұнды түсіну тәсілдері; күрделі сөздерді (біріккен сөз, қос сөз, атаулық тіркестер, қысқарған сөздер), сөз тудырушы және сөз түрлендіруші модельдерді меңгеру.</p>	Дені саудың – жаны сау	Тамақтанудағы он қателік. Экологиялық таза тағамдар туралы ойталқы.	10
6 апта: Адам және экология				
	<p>Судың қажеттілігі, оның адам өміріндегі маңызы.</p> <p>С у д ы пайдаланудағы қауіп-қатер. Суды ластамау. Су проблемасы және үнемдеу.</p> <p>Салыстыру, күшейту мағынасының берілуі (қиынның қиыны, аса өткір мәселе, кең байтақ өлке); заттардың, құбылыстардың арасындағы өзара т а б и ғ и байланыстың берілуі (судың ағысы, күннің күркіреуі, желдің күші); Қимылдың өту сипаты.</p>	Су – тіршілік көзі	Қоршаған орта мәселелері (дөңгелек үстел)	10
7 апта Адам және табиғат				

	<p>Табиғат пен адам арасындағы байланыс. Табиғаттың адам өміріне әсері. Ауа райына қатысты халық болжамдары туралы мәлімет.</p> <p>Мөлшерді, көлемді, болжауды білдіретін тіркестердің қолданысы.</p> <p>Лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін сөздер: жалғыз, біреу, жарты, жарым, егіз, қос, сыңар, ширек.</p> <p>Халықтық өлшемдер: қарыс, сүйем, елі, құлаш, таяқ тастам жер, сүт пісірім уақыт.</p>	Табиғатқа қатысты халық болжамдары	Табиғат-ана (ойталқы)	10
8 апта: Байтақ өлке				
	<p>Қазақстанның тарихи-мәдени мұралары, оларды қорғау мен сақтаудың маңыздылығы.</p> <p>Қазақстанның киелі жерлері.</p> <p>Атаулы сөйлемдер. Тілек, ниет мәнді сөйлемдердің берілуі.</p> <p>Әлеуметтік-мәдени салаға қатысты мәтіннің тілдік бірліктері. Біріккен сөздер.</p>	Еліміздің тарихи және мәдени мұралары	Қазақстандағы тарихи орындар (10 баяндама)	10
9 апта: Саяхат және туризм				
	<p>Туған өлкенің табиғаты, сұлулығы, кеңдігі, байлығы мен құндылықтары.</p> <p>Туған өлкеге деген сүйіспеншілік пен құрмет.</p> <p>Күрделі атаулардың тәуелденуі, жіктелуі</p>		Жері байдың – елі бай. Бейнебаян	10

	, септелуі. Ис-қимылдың сын сипаты, өту амалы(сүйіспеншілікпен қарайды, жауапкершіліктен қашпайды, қызығып тамашалайды)	Қандай көркем – туған өлкем	материалдарымен жұмыс.	
10 апта Сәулет өнері				
	Сәулет және сәулет өнері.Қазақстандағы сәулет өнері туындылары, олардың ерекшеліктері. XIV – XV ғасырлардағы сәулет өнеріндегі ерекше туындылар. Көп мағыналы сөздер. Синонимдік қатар. Жалғаулықтар(себебі, сондықтан, бірақ, және, да/де/та/те, мен/бен/пен, немесе, яки, әрі, әйтпесе, дегенмен, алайда); септеуліктер (үшін, жөнінде, сияқты, арқылы, бойынша, қарай, таман, дейін, кейін, соң, бастап, гөрі, бірге, ретінде, жөнінен, тарапынан, барысында, қатысты); демеуліктер (ғана, тек, ғой).	Сәулет өнерінің шыңы	Әлемдік ғажайып сәулет туындылары (шолу)	10
11 апта Өнер көкке жеткізер				
	Өнер туындылары. Қолданбалы өнер. Қазақ қолөнері. Зергерлік. Жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің айтылу ырғағындағы, интонациясындағы, екпініндегі табиғи заңдылықтар.Сын есімнің шырайлары.	Қолөнер – өшпес мұра, көркем әлем.	Ағаштан, асыл тастардан, теріден жасалатын қолөнер туындыларын	10

	Құранды етістіктер (қызмет ету, қамқор болу, іске асыру, талап ету, мүлтіксіз орындау).		мұражайдан тамашалау, сипаттау, суреттеу.	
12 апта: Адам және уақыт				
	<p>Көшпенділердің уақыт туралы көзқарасы. Қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан өлшем бірліктері. Наным мен сенім.</p> <p>Етістіктің аналитикалық формалары. Мезгіл мәнді сөйлемнің берілуі.</p> <p>Қайталанатын іс-әрекет мезгілінің берілуі. Барыс және шығыс септік+кейін, дейін, шейін, соң, бері, бұрын тіркестері арқылы жасалуы. Тұрақты тіркестер (сүт пісірім, ет асым, күн төбеге көтерілгенде, қас қарайған кезде) арқылы берілуі</p>	Қазақтың уақыт өлшемдері	Уақыт жайында тұрақты тіркестер сөздігі	10
13 апта: Мінез және келбет				
	<p>Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер. Ақыл мен парасат, оның адам өміріндегі маңыздылығы. Ұлы ғұламалардың, хакім Абайдың ақыл туралы айтқан ойлары.</p> <p>Хабарлау, сипаттау, баяндау және аралас мәтіндердің бейнелі сөз орамдары.</p> <p>Сапалық және қатыстық сын</p>	Адам ақылымен көрікті	Абайдың қара сөздеріне шолу	10

	есімдердің сөйлемдегі қызметі. Сын есімдердің заттануы.			
14 апта: Сән мен талғам				
	Қазіргі заманғы киім үлгілері. Адамның киімге деген талғамының өскендігі. Киім үлгілерінің заман талабына сай өзгеруі, стильдік ерекшеліктері. Әлеуметтік-мәдени және көркем-публицистикалық, ресми қарым-қатынастарға қатысты мәтіндер бойынша монолог, диалог, полилог тәсілдері. Ілік септік жалғауының түсіріліп берілуі.	Талғам пен талап	Заманына қарай киімі (сән әлемінің жұлдыздары жайында презентация)	10
15 апта: Халық ауыз әдебиеті				
	Қазақ халқының ертеден келе жатқан мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері. Ауыз әдебиетінің түрлері: ертегі, аңыз, мысал, батырлық және ғашықтық жырлар. Іс-қимылдың сын сипаты, өту амалы; қимылдың жүзеге асу орны; сипаттау мәнді сөйлемнің берілуі; бейнелеуіш еліктеуіштер.	Ауыз әдебиеті – классикалық жанр	Ертегі, аңыз, мысал, батырлық, лиро-эпостық жырлар туралы сұқбат	10
2 семестр				
1 апта: Ғылым және техника				
	Білім мен ғылымның өзара ықпалдастығы. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі интеграциялық үрдістер, олардың			

	<p>жай-күйі, дамуы. Ғылыми кадрларды даярлау мәселесі. Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшелігі. Білік, дағды мәнді сөйлемнің етістік + а (-е,-й) алу+ модаль етістіктер + сұраулық шылау шақ, жақ формалары арқылы жасалуы. Бағалау, пайымдау, қорыту элементтері бар монолог құрастыру, оның мазмұнын кеңейтіп/ толықтырып/ ықшамдап баяндай алу.</p>	<p>Ғылыми-техникалық даму</p>	<p>Әлемдегі білім саласының интеграциясы. Мәтін бойынша салыстырмалы талдау</p>	<p>10</p>
<p>2 апта: Білім бәйгесі</p>				
	<p>Бәсекеге қабілетті ұрпақ. Білікті маман. Білім бәйгесі. Сұранысқа ие мамандықтарды меңгеру туралы мағлұмат. Ресми-ақпараттық, ғылыми-көпшілік мазмұндағы мәтіндер және көркем, публицистикалық (деректі) шығармалардың берілуі. Әңгімені бастау, қолдау және аяқтауға арналған тілдік құрылымдар. Модаль сөздердің кейбір түрлерінің жіктелуі, септелуі (сіз бізге керексіз; қажетіме жаратамын).</p>	<p>Білімді ұрпақ - ел ертеңі</p>	<p>Шетелдік ірі компаниялардағы қазақстандық жастардың жетістіктері жайлы ақпарат жинау</p>	<p>10</p>
<p>3 апта: Өнертабыс және жаңашылдық</p>				
	<p>Бүгінгі таңдағы өнертабыс түрлері мен оларға</p>			

	<p>сипаттама. Жас өнертапқыштар және олардың қоғамдағы орны. Қазақстандық өнертапқыштардың туындылары.</p> <p>Шарт мәнді сөйлемдер, олардың шақ, жақ бойынша түрленістері.</p> <p>етістік+-ған-да, -ген-де, -қан-да, -кен-де тіркестері арқылы жасалуы.</p> <p>Атауыштық қатынас және хабар жеткізу мағынасы.</p> <p>Құрмалас сөйлемнің айтылуындағы дауыс ырғағы.</p>	<p>Өнертабыстағы жаңашылдық жастарға жат па?</p>	<p>Қазақстандық жас өнертапқыштардың туындылары туралы мәлімет жинау</p>	<p>10</p>
4 апта: Тарихи тұлғалар				
	<p>Елімізге танымал тарихи тұлғалар туралы мәлімет.Ер есімі – ел есінде.</p> <p>Атрибутивті, объектілі сөз тіркестері (асыл қасиет, пікірімен келісті, білімін жалғастырды).</p> <p>Сөздердің синтаксистік байланысы. Шарт мәнді сөйлемнің неге десең,неге десеңіз жалғаулықтары арқылы жасалуы</p>	<p>Ғасырлық тұлға</p>	<p>Н о б е л ь сыйлығының иегерлері туралы ақпараттар жинау</p>	<p>10</p>
5 апта: Ақпараттар әлемі				
	<p>БАҚ-тың қоғамдағы рөлі. Медиабілім. Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру. Медиамәдениет және медиақұзыреттілік. Қимыл-сынды, қимыл-сапаны білдіретін сөздердің сөйлемдегі орын</p>	<p>Қазіргі медиамәдениет</p>	<p>Ғаламтор, әлеуметтік</p>	<p>10</p>

	тәртібі. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Шарт мәнді сөйлемнің қалау райлы етістік + еді тұлғасында қолданылуы. -шы, -ші жұрнақтары арқылы жасалуы		желілердегі тілдік агрессия (пікірсайыс)	
6 апта: Қала мен дала				
	Қала мен дала өмірі. Қала мен дала тұрғындарының мәдени байланысы. Жай сөйлемдердегі анықтауыштық, кеңістіктік, мезгілдік қатынастардың логикалық, мағыналық жағы. Қоғамдық-саяси, қоғамдық-мәдени салаларда қолданылатын сөздер.	Қала мен дала тынысы	Е р к і н экономикалық аймақтар әңгіме-сұқбат)	(10
7 апта: Нарық және экономика				
	Қазақстан экономикасының да м у ы . Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны. Еліміздің ішкі және сыртқы саудасы. Экспорт. Отандық өнім. Мәндес және қарсы мәндес сөздер, түрлік және тектік атаулар, топонимдер.Сұрау мәнді сөйлемнің болар, шығар, қайтеді сөз секілді формалармен берілуі.	Ел экономикасы: ішкі және сыртқы сауда	Отандық өнімді қолдаймыз (бейнебаян дайындау)	(10
8 апта: Ел болам десең...				
	Ұлттық бірегейлікті сақтау. Қазақ халқының материалдық және			

	<p>рухани мәдениеті. Жаһандану кезеңіндегі елдік сипат пен ұлттық болмыс.</p> <p>Әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда қолданылатын сөздер, терминдер, тұрақты тіркестер. Бұйыру, талап ету, қалау, өтініш формалары.</p>	Ел болам десең...	<p>Жаһандану кезеңіндегі елдік сипат пен ұлттық болмысты сақтау шаралары туралы баспасөз конференциясы.</p>	10
9 апта: Ел тыныштығы – ер қолында				
	<p>Ел қауіпсіздігін сақтау. Тыныштық белдеуі.</p> <p>Шекарашылар қызметі.</p> <p>Сөйлемдегі логикалық, мағыналық қатынас түрлері: атауыштық қатынас және хабар жеткізу мағынасы, ақпаратты алу мағынасы; бұйрық, нұсқау, талап ету мағынасы; предикаттық қатынас.</p>	Ел тыныштығын күзеткен	<p>Шекарашылар туралы бейнесюжет дайындау.</p>	10
10 апта: Қайырымдылық негіздері				
	<p>А д а м и құндылықтың адам өміріндегі рөлі. Қайырымдылық жасау. Қайырымдылық қорлары. Қайырымдылық туралы ұлылар ұлағаты. Құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың мағыналық топтары. Білік, дағды мәнді сөйлемнің етістік + а (-е, -й) алу + модаль етістіктер + сұраулық шылау</p>	Қайырымдылық – адамгершілік белгісі	<p>Әл-Фараби, Ы.Алтынсарин, Абай секілді</p>	10

	шақ, жақ формалары арқылы жасалуы		ұлылардың ұлағатты сөздерін талдау.	
11 апта: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру				
	Елбасымыздың сарабдал саясаты. Жаһандану кезеңіндегі ұлттық тәрбие туралы ой-толғам. Баяндау, сипаттау, пайымдау элементтері бар аралас мәтіндердегі номенклатуралық күрделі атаулар. Қалау мәнді сөйлемнің етістік + -са(-се) игі еді, + -са(-се) екен тіркесі арқылы жасалуы.	Жаһандану және ұлттық тәрбие	Ұсынылған мәтін бойынша ойталқы	10
12 апта: Өркениет және жаңа әліпби				
	Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы. Ресми, саяси, танымдық салалар мен публицистикалық стильдегі жаңа әліпбидің қолданысы. Кәсіби тілдік құзыреттілік.	Қазақ жазуының жаңа белесі	Мәтінмен жұмыс	10
13 апта: Кәсіби тілдік бағдар				
	Болашақ маманның кәсіби тілі. Болашақ қызмет саласы бойынша лексика-грамматикалық минимум игеру. Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары (сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның	Мамандық тілі	Минимум дайындау. Болашақ маманның өз саласы бойынша	10

	нәтижесінде, ойды қорытындылай келе).		лексика-грамматикалық минимумын игеруі	
Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдер.				

14 апта: Кәсіби тілдің терминжүйесі

	Кәсіби салада іскери қарым-қатынас орнату. Кәсіби сөйлеу. Кәсіби терминдерді пайдалану. Кәсіби терминдер, ғылыми стиль ерекшеліктері. Бейнелі сөз орамдары қолданылатын тіл мәдениетінің кәсіби сала бірліктері.	Кәсіби сөйлеу мәдениеті	Кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас (рөлдік ойын)	10
--	--	-------------------------	--	----

15 апта Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі

	Кәсіби саладағы ресми-іскери, мамандық пен қызметке қатысты тілдік оралымдар (жылдық жоспар, есеп беру түрлері, ақпараттық-талдау анықтамалары, ұсыныстар, нақты мәселеге қатысты ұсыныстар); ғылыми-көпшілік мазмұндағы мақалалар мен хабарламалардың стилі.	Іскери қарым-қатынас	Терминдер мен тілдік тұтастықты меңгеру	10
--	---	----------------------	---	----

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат

Барлығы: 300 академиялық сағат

Жоғары деңгей (C1)

№	Пәннің мазмұны	Семинар практикалық сабақтардың тақырыбы	(Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
1 семестр				
1 апта: Адам және руханият				
	Қоғамдағы әлеуметтік			

	<p>нормалар мен ережелер. Жалпыадамзаттық құндылықтар. Адамның жеке тұлғалық әлеуеті. Әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, мәдени салаларға қатысты жағдаяттардағы тілдік құзыреттілік. Мәліметке баға беру, сараптау, түйіндеу. Күрделі сөздердің (біріккен сөз, қос сөз, номенклатуралық күрделі атаулар, атаулық тіркестер, қысқарған сөздер) жазылуы; тыныс белгілері</p>	<p>Адам деген ардақты ат</p>	<p>Ізгілік –адамның басты рухани-адамгершілік құндылығы. (монолог құрастыру)</p>	<p>10</p>
<p>2 апта: Отбасы және тәрбие</p>				
	<p>Ұрпақ тәрбиесі. Отбасы – тәрбие ошағы. Қазақ отбасындағы әке мен ананың орны. Үлкенді сыйлау, құрметтеу. Тәрбиелі отбасы. Отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері. Коммуникативтік-ақпараттық және ақпараттық-сипатталмалық ниеттер.Сөздің, сөз тіркесі мен фразалардың, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің айтылу ырғағындағы, интонациясындағы, екпініндегі табиғи заңдылықтар.</p>	<p>3.Тәрбие - тал бесіктен</p>	<p>Төртеу түгел болса, төбедегі келеді... Мәтін құрылымына, мазмұнына талдау жасау, пікір білдіру.</p>	<p>10</p>
<p>3 апта: Мамандық және қызмет</p>				
	<p>Мамандық алу және маман болу.</p>			

	<p>Мамандықтың талаптары. Мамандық бойынша қызмет және біліктілік. Қызмет бағыты. Ресми, іскери салаларға қатысты сөйлеу әдеби формулалары және олардың варианттары мен лингво-мәдени ерекшеліктері. Күрделі сөздердің, атаулық тіркестердің тәуелденуі, жіктелуі, септелуі/тәуелдене септелуі (оңаша және ортақ тәуелденуі).</p>	<p>Мамандық және қызмет</p>	<p>"Жұмыссыздық мәселесі мені ойлантады" (ойталқы)</p>	<p>10</p>
<p>4 апта: Адам және заң</p>				
	<p>Заң, заңға бағыну. Азаматтардың құқықтары. Заң алдындағы жауаптылық. Заңмен қорғалу. Заңды білу. Коммуникативтік мақсат-ниеті айқындалған продуктивті сипаттағы мәтіндер бойынша монолог. Дерек, оқиға, әрекеттерге көзқарасты, бағаны, сыни пікірді, эмоцияны білдіру. Сын есімнің құрамы : жалаң және күрделі сын есімдер .</p>	<p>Заңды білмеу жазадан құтқармайды...</p>	<p>Қылмыс хроникасы туралы бұқаралық ақпарат құралдары мәліметтерінен ақпарат беру</p>	<p>10</p>
<p>5 апта: Денсаулық және саламатты өмір салты</p>				
	<p>Дұрыс тамақтанбаудың салдары. Адам ағзасына зиянды тағамдар. Фаст-фуд өнімдері, гендік модификациялы өнімдер, жылдам</p>			

	<p>дайындалатын тағамдар және олардың зияндылығы. Зиянды сусындар.</p> <p>Коммуникативтік жағдаяттағы ойды әртүрлі мағыналық реңкпен беру.</p> <p>Лебізде синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлардың мағыналық сипатын пайымдау, семантикалық ерекшеліктерін айыру.</p>	<p>Ауру – астан...</p>	<p>Фаст-фуд өнімдерінің зияндылығы; гендік модификациялы өнімдер бізді қорқытады (пікірсайыс)</p>	<p>10</p>
<p>6 апта: Адам және экология</p>				
	<p>Қоршаған ортаның табиғатқа әсері.</p> <p>Зиянды заттар. Еліміздегі экологиялық апатты аймақтар. Қазақстандағы экологиялық ахуал.</p> <p>Мәтін мазмұнын кеңейтіп, толықтырып, ықшамдап баяндау.</p> <p>Лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін квантор сөздер: жалғыз, біреу, жарты, жарым, егіз, қос, сыңар, ширек.</p> <p>Көптік ұғымды білдіретін сөздер: халық, топ, үйме, табын.</p>	<p>Қазақстандағы экологиялық мәселелер</p>	<p>Табиғат қамқорлық күтеді (топтық жұмыс)</p>	<p>10</p>
<p>7 апта: Әлемдік экожүйе</p>				
	<p>Жаһандық жылыну, оның себеп-салдары.</p> <p>Ғаламдық жылырудың қоршаған ортаға әсері. Табиғи зардаптар.</p> <p>Баяндау, пайымдау элементтері бар, ресми-ақпараттық,</p>		<p>Мұхит деңгейінің көтерілуі, озон қабаты</p>	<p>10</p>

	ғылыми-көпшілік және ғылыми-өндірістік мазмұндағы мәтіндерді саралау. Етістіктің болымсыз түрі. Бұйыру, талап ету, қалау, өтініш формалары.	Жаһандық жылыну мәселесі	мәселелеріне қатысты ақпараттарға шолу	
8 апта: Туризм индустриясы				
	Қазақстандағы туристік нысандар. Туристердің еліміздің аймақтарына қызығушылығын тудыру. Туризмді дамыту. Туристік инфрақұрылым. Қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік салаларға қатысты және деректі, көркем публицистикалық шығармаларды талдау. Лексика-семантикалық топтарды құрайтын деректі/ дерексіз, жинақтау мәнді сөздердің қолданысы.	Қазақстандағы туристік нысандар	"Қонакүй" бизнесі тақырыбына сұқбат құрастыру.	10
9 апта: Ұлы мәртебелі уақыт				
